Fresenius түрі болып табылады. Бұл түр Еуропаның көптеген елдеріне әлеуетті қауіп тәндіреді [16,20]. *C.xanthiiifolia*-ның табиғи таралу аймағы солтүстікамерикалық далалық флорасы [21]. Қазіргі уақытта бұл түр Азияда және Еуропаның 28 елдерінде кеңінен таралған. Ресейде *C.xanthiiifolia* «Топ-100» инвазиялық түрлерге кіреді [22]. Қазақстанда *C.xanthiiifolia* алғаш рет Қарағандыда XX ғасырдың 80-ші жылдарында табылған [23]. Бұл түр табылғаннан бері 30 жыл ішінде *C.xanthiiifolia* өзінің таралу аймағын едәуір кеңейтіп, Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай және Павлодар облыстарынан да табылды [24]. *C.xanthiiifolia* антропогендік зақымдалған өсімдіктер қауымдастықтарында таралып, жаңуарлар оны жемейтіндіктен, іс жүзінде үлкен биомасса құрайды. Елді-мекендерде қарқынды және мол өсіп, гүлдену кезеңінде аллергиялық ауруларды тудырады [25]. *C.xanthiiifolia* айтартылыштай аумақта бір түрден тұратын қопа түзіп, табиғи флора түрлерінің жаңауруына жол бермей кедергі келтіреді. [17].

*C.xanthiiifolia* 2022 жылы Ақтөбе облысънан (Ақтөбе қ.) табылды. Сондықтан бұл инвазиялық түр *C.xanthiiifolia* табылған жерлердің

популяциясының құрылымын зерттеу маңызды болып табылады.

### Зерттеу материалдар мен әдістері

*C.xanthiiifolia* біржылдық өсімдік, биіктігі (30) 40-150 см, қырлы сабакты, төменгі бөлігі жалаңаш, жоғарғы бөлігі түкті. Жапырақтары жүрек тәрізді-жұмыртқа тәрізді, ұзындығы 10 см-ге дейін және ені 6,5 см-ге дейін, қарама-қарсы орналасқан (ең жоғарыларын есептемегендеге), сағақты, түбіне қарай сүйірленген, ұшында сүйірленген, жиектері ара тісті, қылышқыты түктерінен кедір-бұдырылы. Себеттерінің диаметрі 2-4 мм, көп, гетерогамды, салбыраңқы, ірі, бос сыпырғы гүлшоғырына жиналған. Орама жапырақтары жарты шар тәрізді, қабысқан, екі қатарға орналасқан 10 жапырақшадан тұрады. Сыртқы жапырақшалары кері жұмыртқа тәрізді, сәл сүйір, шөптесін, түкті, жиектері ұзын безді түкті. Шеткі гүлдері 5-ү, аналықты, жемісті, гүл серігі қысқаған (сақина тәрізді). Ортанғы гүлдері қосжынысты, саны 10-15, бес тісшелі күлтелі, аналығы жетілмеген және бос дерлік тозандықты, стерильді. Күлтелері ашық-жасыл немесе сарғыш-жасыл түсті [26] (1-сурет).




1-сурет – *Cyclachaena xanthiiifolia* (Nuttall) Fresenius Ақтөбедегі шөлді далада

Инвазиялық өсімдіктердің түрлік құрамын анықтау бойынша зерттеу жұмыстары Ақтөбе қаласының аумағында 2022 жылдың қазан айында барлық табиғи аймақтар, кейбір әкімшілік округтер мен ауылдық елді мекендерде маршруттық әдіспен жүргізілді.

Ақтөбе қаласында «Сапар» автовокзалы ауданында (2-сурет) антропогендік факторлардың әсерінен әртүрлі дәрежеде өзгерген өсімдіктер жамылғысынан тұратын участкерлерден

*Xanthiifolia*-ның үш ценопопуляциясы анықталды: ЦП-1: сирек қараағаш (*Ulmus pumila* L.) отырғызылған тасжол бойындағы рудералдық өсімдіктер қауымдастыры; ЦП-2: қараағаштың (*Ulmus pumila* L.) жалғыз даналары кездесетін құрылыш қалдықтары бар шөл даладағы рудералдық өсімдіктер қауымдастыры; ЦП-3: уақытша су ағысына дейінгі беткейлерде, сайларда және бетон плиталар арасындағы рудералдық өсімдіктер қауымдастыры.



2-сурет – Ақтөбе қаласындағы ценопопуляциялардың орналасуы

Әр ценопопуляцияға геоботаникалық сипаттамалар стандартты әдістермен жүргізілді. Өсімдіктердің сапалық мөлшері жалпы қабылданған әдістер бойынша жүргізілді [27]. Түр саны (дана), кездесуі, %, жалпы және ішінәра өсімдіктер жабыны, % анықталды. Түрдің қауымдастықтағы

орнын жиынтық бағалау үшін, оның кездесуі мен өсімдіктер жабынын ескере отырып, фитоценоз құрылымындағы түрлердің орнын анықтайдын түр белсенділігінің интегралды көрсеткіші пайдаланылды. Түр белсенділігін есептеу IBIS жүйесінде [28] формула бойынша жүргізілді:

$$Act = \sqrt{\frac{C \times 100\%}{N} \times \frac{\sum_{i=1}^N A_i}{N}} = \emptyset \times \frac{\sqrt{C \times A_{\Sigma}}}{N} \% \quad (1)$$

мұндағы  $Act$  – мониторинг аймағы үшін таксонның есептелген белсенділігі пайызben ( $0 \div 100\%$ );

$N$  – есепке алу аймақтарының саны (элементарлық метрлі үлгілері);

$C$  – таксон тұрақтылығы – таксон тіркелген тіркеу орындарының абсолютті саны;

$A_i$  –  $i$ -ші зерттеу участкесінде таксонның өсімдіктер жабыны;

$A_{\Sigma}$  – барлық зерттеу участкелеріндегі таксонның өсімдіктер жабынының қосындысы.

Өсімдіктер қауымдастықтарының антропогендік деградация дәрежесі синантропизация коэффициентінің көмегімен анықталды [29]. Синантропизация коэффициенті синантропты және гемерофобты түрлердің жалпы кездесуін есептейді.

$$N_a N_a N_b$$

$$K_s = \sum a_i \times 100 \div (\sum a_i + \sum b_i)$$

$$i=1 \quad i=1 \quad i=1$$

мұндағы

$K_s$  – синантропизация коэффициенті;  
 $a_i$  – синантропты түрлердің кездесуі;

$N_a$  – синантропты түрлердің саны;  
 $b_i$  – гемерофобты түрлердің кездесуі;  
 $N_b$  – гемерофобты түрлердің саны.

### Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

ЦП-1 – 7 түрден түрады, *Chenopodium album* доминанты (1-кесте). Жалпы өсімдіктер жабыны 80%-ды құрайды; *C.xanthiiifolia* өсімдіктер жабыны – 10%; ценопопуляция ауданы – 500 м<sup>2</sup>; тығыздығы – 13,0±4,7 дана/м<sup>2</sup>, орташа өсімдік биіктігі – 80,0±9,3 см (2-кесте).

ЦП-2 – 9 түрден түрады, *C. xanthiiifolia* доминанты (1-кесте). Жалпы өсімдіктер жабыны

95%-ды құрайды; *C.xanthiiifolia* өсімдіктер жабыны – 30%; ценопопуляция ауданы – 8000 м<sup>2</sup>; тығыздығы – 12,0±3,1 дана/м<sup>2</sup>, орташа өсімдік биіктігі – 95±10,1 см (2-кесте).

ЦП-3 – 9 түрден түрады, *Chenopodium album* және *C. xanthiiifolia* доминантты (1-кесте). Жалпы өсімдіктер жабыны 80%-ды құрайды; *C.xanthiiifolia* өсімдіктер жабыны – 20%; ценопопуляция ауданы – 1000 м<sup>2</sup>; тығыздығы – 17,0±2,6 дана/м<sup>2</sup>, орташа өсімдік биіктігі – 138±14,0 см (2-кесте).

Үш ценопопуляцияда барлығы 17 түр тіркелген. Барлық зерттелген ценопопуляциялар аз түрлі рудеральды түрлерден түрады. Синантропизация дәрежесі 50-ден 66,7%-га дейін. Барлық үш ценопопуляцияның да өсімдіктер қауымдастырында *C.xanthiiifolia* мен *Chenopodium album* доминанттар. Айта кету керек, *C.xanthiiifolia* белсенділігі өте жоғары және *C.album*-нан кейін екінші орында. Ценопопуляцияларда кездесетін далалық флора түрлерінің белсенділігі (*Gypsophila paniculata*, *Helichrysum arenarium*, *Tragopogon orientalis*) минималды, бұл олардың арамшөптермен және кездейсок (адвентивті) түрлермен ығысуын көрсетеді.

1-кесте – Ақтөбе аумағында *C.xanthiiifolia* қатысатын ценопопуляциялардың түр құрамы

Өсімдік түрлері	ЦП-1	ЦП-2	ЦП-3	*V, %	P, %	A
<i>Chenopodium album</i> L.	40	10	20	100	33,3	58
<i>Cyclachaena xanthiiifolia</i> (Nuttall) Fresenius	10	30	20	100	20	44,7
<i>Kochia scoparia</i> (L.) Schrad.		10	10	66	6,7	21
<i>Agropyron cristatum</i> (L.) Beauv.	3		5	66	2,7	13,3
<i>Lactuca serriola</i> L.	2	5		66	2,3	12,3
<i>Carduus crispus</i> L.		10		33	3,3	10,4
<i>Cirsium vulgare</i> (Savi) Ten.		10		33	3,3	10,4
<i>Festuca valesiaca</i> Gaudin	10			33	3,3	10,4
<i>Glycyrrhiza glabra</i> L.		10		33	3,3	10,4
<i>Polygonum aviculare</i> L.	10			33	3,3	10,4
<i>Polygonum gracilius</i> (Ledeb.) Klok.			10	33	3,3	10,4
<i>Atriplex tatarica</i> L.	5			33	1,7	7,5
<i>Descurainia sophia</i> (L.) Webb ex Prantl			5	33	1,7	7,5
<i>Gypsophila paniculata</i> L.			5	33	1,7	7,5
<i>Helichrysum arenarium</i> (L.) Moench		5		33	1,7	7,5
<i>Melilotus albus</i> Medikus		5		33	1,7	7,5
<i>Tragopogon orientalis</i> L.			5	33	1,7	7,5
Синантропизация коэффициенті, %	50	66,6	62,5			

V, % – түрлердің кездесуі; P, % – орташа өсімдіктер жабыны; A – түр белсенділігі

Зерттелетін өсімдіктер қауымдастығында негізінен арамшөп түрлері басым: *Chenopodium album*, *Cyclachaena xanthiiifolia*, *Kochia scoparia*, *Lactuca serriola*. *C.xanthiiifolia* – 3-4 жыл бұрын қоныстанған жаңа инвазиялық түрлер қазір Ақтөбе облысында кең таралып, тұрақты популяцияларды қалыптастыруды.

ЦП-да түрлер саны аз, 7-9 тұр, бұл өсімдік қауымдастықтарының антропогендік трансформациясының жоғары дәрежесімен байланысты. Дегенмен, жалпы өсімдіктер жабыны айтарлықтай жоғары және 80-90%-ды құрайды, бұл арамшөптердің және ең алдымен осы жағдайларда

белсенде өсетін және  $12\text{-}17 \text{ дана}/\text{м}^2$  тығыздығы жоғары *C. xanthiiifolia* өсуімен байланысты (2-кесте).

*C.xanthiiifolia* 1930 жылдардың ортасына дейін Ресейде карантиндік түрге жатқызылды [17]. Қазіргі уақытта елді мекендерде өсімдіктерді шабу ұсынылады, бұл тұқымдардың топыракқа түсін шектейді [30]. Бұл қазірдің өзінде Ақтөбе қаласының территориясына қатысты. Бақылауды қажет ететін *C.xanthiiifolia* өсімдігінің жаңа тіршілік орындарын және оның таралу ошақтарын анықтау үшін Ақтөбе қаласы мен облыс аумақтарына келешекте зерттеулер жүргізу қажет.

**2-кесте** – Ақтөбе қаласындағы *C. xanthiiifolia* популяцияларының құрылымы

Көрсеткіш	ЦП-1	ЦП-2	ЦП-3
Түрлер саны, дана/100 м <sup>2</sup>	7	9	9
Жалпы өсімдіктер жабыны (ОПП), %	80	95	80
Биіктігі, см	$80,0\pm9,3$	$95\pm10,1$	$138\pm14,0$
Тығыздығы дана/м <sup>2</sup>	$13,0\pm4,7$	$12,0\pm3,1$	$17,0\pm2,6$

*C.xanthiiifolia* жаңа ошақтарының пайда болуын жою үшін «Луварам», «Чисталан», «Торнадо», «Раундуп», «Ураган» гербицидтерін қолдану ұсынылады [16,17,25]. Гербицидтердің тиімділігі айтарлықтай жоғары, бір айдан кейін кураган өсімдіктердің үлесі 84-тен 100% -ға дейін құрайды, ал тірі қалған өсімдіктердің көпшілігі зақымдалады [17]. Әсері вегетациялық кезеңнің соңына дейін созылады, өсімдіктердің қайта өсуі байқалмайды. Химиялық заттардан басқа агротехникалық құрес шаралары қолданылады, мысалы: сабан тазарту, күздік жырту, егіс алдындағы топырақ өндеу, егістік материалын тұқымнан тазарту, катардағы дақылдарда қатар аралық өндеулер [17].

### Корытынды

Ақтөбе облысындағы табиғи-климаттық әлеуеті, сондай-ақ ландшафттардың жоғары антропогендік трансформациясы көптеген адвентивті түрлердің натурализациясына мүмкіндік береді. *Cyclachaena xanthiiifolia* (Nuttall) Fresenius ең агрессивті, белсенде таралатын және экожүйелерге әсер етеді. Өсімдік Ақтөбе территориясынан табылған, *C.xanthiiifolia* қатысатын үш ценопопуляция сипатталды. Аз түрі бар барлық зерттелген ценопопуляциялар 7-9 түрді қамтиды және рудеральды түрлерден тұрады. Барлық үш ценопопуляцияда

*C.xanthiiifolia* мен *Chenopodium album* өсімдіктер қауымдастықтарының доминанттары болып табылады, ішінәра өсімдіктер жабыны 20%, популяцияның тығыздығы  $12,0\pm3,1$ -ден  $17,0\pm2,6 \text{ дана}/\text{м}^2$ , биіктігі  $80,0\pm9,3$ -тен  $138\pm14,0$  см-ге дейін ауытқиды. *C.xanthiiifolia* белсенделігі өте жоғары және *C.album*-нан кейін екінші орында. Далалық флора түрлерінің белсенделігі (*Gypsophila paniculata*, *Helichrysum arenarium*, *Tragopogon orientalis*) мінимальды, бұл олардың арамшөптермен және кездейсок (адвентивті) түрлермен ығысуын көрсетеді. Зерттеулер көрсеткендегі, *C.xanthiiifolia* Ақтөбе облысы территориясында қарқынды таралады, рудеральды қауымдастықтарды белсенде түрде басып алады және әртүрлі ылғалдылықтағы қауымдастықтарды қамтиды.

Ақтөбе облысындағы да, Қазақстанның басқа аймақтарындағы да инвазиялық өсімдіктердің натурализациясының дәрежесі әртүрлі және натурализация процесінің әртүрлі динамикасымен сипатталады. Сондықтан агрессивті бөтен түрлердің таралуына жол бермеу үшін қазіргі уақытта тек таралу тенденциясын көрсетіп жатқан және аймақта кең таралмаған өсімдіктерге назар аудару керек. Облыс территориясында *C.xanthiiifolia*-ның таралуы кеңейетіндіктен, басқа территорияларда жинақталған тәжірибелерді пайдалана отырып, оның таралуын тежейтін технологияларды әзірлеу қажет [18].

Облыс территориясында түрлер инвазиясының масштабын неғұрлым объективті бағалау үшін *C.xanthiiifolia*-ның таралуы мен табиғи экожүйелерге әсерін анықтау үшін зерттеулер қажет.

## Мұдделер қақтығысы

Барлық авторлар мақаланы оқыған, мазмұнымен таныс және мұдделер қақтығысы жоқ.

### Әдебиеттер

1. Vila M., Cobin J.DDukes., J.S., Pino J., Smith S.D. Linking plants invasion to environmental change // Terrestrial ecosystems in a changing world. Berlin: Springer. – 2006. – P. 115–124
2. Sala O.E. Chapin F.S., Armesto J.J., Berlow E., Bloomfield J., Dirzo R., Huber-Sanwald E., Huenneke L.F., Jackson R.B., Kinzik A., Leemans R., Lodge D.M., Mooney H.A., Oesterheld M., LeRoy P.H., Sykes M.T., Walker B.H., Walker M.Wall D.H. Global biodiversity Scenariosfor the year 2100 // Science. – 2006. – Vol. 287. – № 5459. – P. 1770–1774.
3. Hilme Ph.E. Biological invasions in Europe: draivers, pressures, states, impacts and responses // Biodeversity under threat. – 2007. – P. 56–80.
4. European Commision. Alien species and nature conservation in the EU [Eletronic resours] <http://ec.europa.eu/environment/life/publications>. Assesed 16 Desember 2009.
5. Miller C., Kettunen M., Shine C. Scope options for EU action on invasive aline species (IAS)/ Final reports fo the Europaen Commision. – 2006. – 109 pp.
6. Berg C., Drescher A., Wagner V., Essl F. Temporal trends in the invasions of Austrian woodlands by alien trees // Preslia. – 2016. – Vol. 88. – P. 185–200.
7. Blackburn T.M., Cassey P., Lockwood J.L. The island biogeography of exotic bird species // Glob. Ecol. Biogeogr. – 2088. – Vol. 17. – P. 246–251.
8. Henderson L. Mapping of invasive alien plants: the contribution of the Southern African Plant Invaders Atlas (SAPIA) to biological weed control // Afr. Entomol. – 2011. – Vol. 19. – P. 498–503.
9. Kowarik I. Time lags in biological invasions with regard to the success and failure of alien species. – In: Pyšek P., Prach K., Rejmánek M. & Wade M. (eds), Plant invasions: general aspects and special problems. Amsterdam: SPB Academic Publishers. 1995, P. 15–38.
10. Oswalt C.M., Fei S., Guo Q., Iannone III B.V., Oswalt S.N., Pijanowski B.C., Potter K.M. A subcontinental view of forest plant invasions // NeoBiota. – 2015. – Vol. 25. – P. 49–54.
11. van Kleunen M., Dawson W., Essl F., Pergl J., Winter M., Weber E., Kreft H., Weigelt P., Kartesz J., Nishino M., Antonova L.A., Cabezas F.J., Cárdenas D., Cardenas-Toro J., Castan N., Chaco E., Chatelain C., Ebel A.L., Figueiredo E., Fuentes N., Groom Q.J., Henderson L., Kupriyanov A., Masciadri S., Meerman J., Morozova O., Moser D., Nickrent D.L., Pelser A.P., Pyšek P. Global exchange and accumulation of non-native plants // Nature. – 2015. –Vol 525( 9). – P. 100 – 107.
12. Миркин Б.М., Ямалов С.М., Наумова Л.Г. Синантропные растительные сообщества: модели организации и особенности классификации // Журнал общей биологии. – 2007 – Т. 68. – № 6. – С. 435-443.
- 13 Yang Q., Weigelt P., Fristoe T.S., Zhang Zh., Kreft H., Stein A., Seebens H., Dawson W., Ess F., König Ch., Lenzner B., Pergl J., Pouteau R., Pyšek P., Winter M., Ebel A.L., Fuentes N., Giehl E.L.H., Kartesz J., Krestov P., Kukk T., Nishino M., Kupriyanov A., Villaseñor J.L., Wierenga J.J., Zeddam A., Zyková E., van Kleunen M. The global loss of floristic uniqueness // Nature communications. – 2021 – Vol. 12. – P. 7290 | <https://doi.org/10.1038/s41467-021-27603-y> | www.nature.com/naturecommunications.
14. Нотов А.А. О проблеме разработки и ведения региональных Черных книг / А.А. Нотов, Ю.К. Виноградова, С.Р. Майров // Российский журнал биологических инвазий. – 2010. – № 4. – С. 54–86. [Электронный ресурс] – Режим доступа: [http://www.sevin.ru/invasjour/issues/2010\\_4/Notov\\_10\\_4.pdf](http://www.sevin.ru/invasjour/issues/2010_4/Notov_10_4.pdf)
15. Olmstead R.G. Are invasive plants an inevitable consequence of evolution? / R.G. Olmstead // Amer. Journ. of Botany. – 2006. – Vol. 93(8). – P. 1236–1239.
16. Dana E.D., Cerrillo M.I., Sanz-Elorza M., Sobrino E., Mota J.F. Contribución al conocimiento de las xenófitas en España: catálogo provisional de la flora alóctona de Almería // Acta Botanica – 2001. – V. 26. – P. 264–276.
17. Терехина Т.А. *Cyclachaena xanthiiifolia* (Nutt.) Fresen. – Циклахена дурнишниколистная // Черная книга флоры Сибири. – Новосибирск: Академическое из-во «Гео». – 2016 – С. 102-105.
18. Агроклиматический справочник по Актюбинской области. – Л.: Гидрометеоиздат. – 1974. – 212 с.
19. Петелина А.М. Актюбинская область // Общие природные и почвенные условия сельскохозяйственного производства областей Казахстан // Труды института почв АН Каз ССР. – Алма-Ата. – 1960. – Т.10. – С. 15.
20. Alien species in Poland [Electronic resource]. Mode of access: <http://www.Jop.kra-knw.pl/ias/>. (Accesssd 10 Desember 2023).
21. Strother J. L. *Cyclachaena* // Flora of North America. – Vol. 21. – P. 28.
22. Виноградова Ю.К. Акатова Т.В., Аненхонов О.А., Антипович Е.С., Антипова Е.М., Антонова Л.А., Афанасьев В.Е., Багрикова Н.А., Барanova О.Г., Борисова Е.А., Борисова М.А., Бочкин В.Д., Буланый Ю.И., Верхозина А.В., Григорьевская А.Я., Ефремов А.Н., Зыкова Е.Ю., Кравченко А.В., Крылов А.В., Куприянов А.Н., Лавриненко Ю.В., Лактионов А.П., Лысенко Д.С., Майоров С.Р., Меньшакова М.Ю., Мещерякова Н.О., Мининзон И.Л., Михайлова С.И., Морозова О.В., Нотов А.А., Панасенко Н.Н., Пликина Н.В., Пузырев А.Н., Раков Н.С., Решетникова Н.М., Рябовол С.В., Сагалаев В.А., Силаева,

- М.М. Силантьева Т.Б., Стародубцева Е.А., Степанов Н.В., Стрельникова Т.О., Терехина Т.А., Тремасова Н.А., Третьякова А.С., Хорун Л.В., Чернова О.Д., Шауло Д.Н., Эбель А.Л. «Black»-лист инвазионных растений России // Проблемы промышленной ботаники индустриально развитых регионов. 2015. Кемерово. С. 68–72.
23. Куприянов А.Н., Михайлов В. Г. Новые и редкие растения для Центрального Казахстана // Ботан. журн. – 1989. – Т. 74. – № 4. – С. 545 – 547.
24. Kuprijanov A.N., Sultangazina G.J., Novak Y.O. Spread dynamics of *Cyclachaena xanthiifolia* (Nuttall) Fresenius (Asteraceae) in Kazakhstan // News of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Biological and Medical. – 2022. – Vol. 1 (348). – P. 16–24 [https://doi.org/10.32014/2022.2519-1629.106UDC 581.9 \(574\)](https://doi.org/10.32014/2022.2519-1629.106UDC 581.9 (574)).
25. Омельяненко Т.З. О распространении и некоторых особенностях *Cyclachaena xanthiifolia* (Nutt.) Fresen. на территории Российской Федерации // Фитосанитария. Карантин растений. – 2021. – Т. 2(6). – С. 50-62.
26. Смолянинова Л.А. *Cyclachaena xanthiifolia* (Nuttall) Fresenius // Флора СССР. – М-Л. – 1959. – Т. 25. – С. 515.
27. Работнов Т.А. Фитоценология. – М.: МГУ – 1992. – 352 с.
28. Куприянов А.Н., Казьмина С.С., Зверев А.А. Изменение флористического состава растительных сообществ Караканского хребта вблизи угольных разрезов // Вестн. Том. гос. ун-та. Биология. – 2018. – № 43. – С. 66–88. DOI: 10.17223/19988591/43/4.
29. Прокопьев Е.П., Мерзлякова И.Е., Минеева Т.А., Кудрявцев В.А. К разработке методов оценки синантропизации флоры и растительности урбанизированных территорий // Синантропизация растений и животных. – Иркутск. – 2007. – С. 124-127.
30. Ламан Н.А. Научная методология, законодательные и административные решения, определяющие стратегию борьбы с фитоинвазиями в Республике Беларусь // Фитоинвазии: остановить нельзя сдаваться. (Мат. всер. научно-практ. конф.). – М. – 2022. – С. 85-96

#### References

1. Agroklimaticheskij spravochnik po Aktyubinskoj oblasti (1974) [Agro-climatic handbook of the Aktobe region] – L.: Hydrometeoizdat. – 212 p. [in Russian].
2. Alien species in Poland [Electronic resource]. Mode of access: <http://www.Jop.kra-knw.pl/ias/>. (Accessed 10 Desember 2023)
3. Berg C., Drescher A., Wagner V., Essl F. (2016) Temporal trends in the invasions of Austrian woodlands by alien trees. *Preslia*, vol. 88, pp. 185–200.
4. Blackburn T.M., Cassey P., Lockwood J.L. (2008) The island biogeography of exotic bird species. *Glob. Ecol. Biogeogr.*, vol. 17, pp. 246–251.
5. Dana E.D., Cerrillo M.I., Sanz-Elorza M., Sobrino E., Mota J.F. (2001) Contribución al conocimiento de las xenófitas en España: catálogo provisional de la flora alóctona de Almería. *Acta Botanica*, vol. 26, pp. 264-276.
6. European Commision. Alien species and nature conservation in the EU [Eletronic resours] <http://ec.europa.eu/environment/life/publications>. Assesed 16 Desember 2009.
7. Henderson L. (2011) Mapping of invasive alien plants: the contribution of the Southern African Plant Invaders Atlas (SAPIA) to biological weed control. *Afr. Entomol.* vol. 19, pp. 498–503.
8. Hilme Ph.E. (2007) Biological invasions in Europe: drivers, pressures, states, impacts and responses. *Biodiversity under threat*, pp. 56–80.
9. Kowarik I. (1995) Time lags in biological invasions with regard to the success and failure of alien species. – In: Pyšek P., Prach K., Rejmánek M., Wade M. (eds), Plant invasions: general aspects and special problems, pp. 15–38, SPB Academic Publishers, Amsterdam.
10. Kuprijanov A.N., Sultangazina G.J., Novak Y.O. (2022) Spread dynamics of *Cyclachaena xanthiifolia* (Nuttall) Fresenius (Asteraceae) in Kazakhstan. *News of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Biological and Medical.* vol. 1(348). pp. 16-24. [https://doi.org/10.32014/2022.2519-1629.106UDC 581.9 \(574\)](https://doi.org/10.32014/2022.2519-1629.106UDC 581.9 (574))
11. Kupriyanov A.N., Kaz'mina S.S., Zverev A.A. (2018) Izmenenie floristicheskogo sostava rastitel'nyh soobshchestv Karakanskogo hrebla vblizi ugol'nyh razrezov. [Changes in the floral composition of plant communities of the Karakan ridge near coal mines]. *Bulletin of Tomsk State University. Biology.* no 43. pp. 66–88. DOI: 10.17223/19988591/43/4 [in Russian].
12. Kupriyanov A.N., Mihajlov V. G. (1989) Novye i redkie rasteniya dlya Central'nogo Kazahstana [New and rare plants for Central Kazakhstan]. Botanical Journal. vol. 74(4). pp. 545– 547. [in Russian].
13. Laman N.A. (2022) Nauchnaya metodologiya, zakonodatel'nye i administrativnye resheniya, opredelyayushchie strategiyu bor'by s fitoinvaziyami v Respublike Belarus' [Scientific methodology, legislative and administrative decisions determining the strategy of combating phytoinvasions in the Republic of Belarus]. *Phytoinvasions: you can't give up.* (Materials of the All-Russian Scientific and Practical Conference). pp. 85-96. [in Russian].
14. van Kleunen M., Dawson W., Essl F., Pergl J., Winter M., Weber E., Kreft H., Weigelt P., Kartesz J., Nishino M., Antonova L.A., Cabezas F.J., Cárdenas D., Cardenas-Toro J., Castan N., Chaco E., Chatelain C., Ebel A.L., Figueiredo E., Fuentes N., Groom Q.J., Henderson L., Kupriyanov A., Masciadri S., Meerman J., Morozova O., Moser D., Nickrent D.L., Pelser A.P., Pyšek P. (2015) Global exchange and accumulation of non-native plants. *Nature.* vol 525(9). pp. 100-107.
15. Miller C., Kettunen M., Shine C. (2006) Scope options for EU action on invasive alien species (IAS)/ Final reports fo the Europoen Commision. 109 p.

16. Mirkin B.M., Yamalov S.M., Naumova L.G. (2007) Sinantropnye rastitel'nye soobshchestva: modeli organizacii i osobennosti klassifikacii [Synanthropic plant communities: organization models and classification features]. *Journal of General Biology*. vol. 68(6). pp. 435-443. [in Russian].
17. Notov A.A., Vinogradova Yu.K., Majrov S.R. (2010) O probleme razrabotki i vedeniya regional'nyx Cherny'x knig [On the problem of developing and maintaining regional Black books]. *Russian Journal of Biological Invasions* no. 4. pp. 54-86. [Electronic resource]
18. Olmstead R.G. (2006) Are invasive plants an inevitable consequence of evolution?. *Amer. Journ. of Botany*. vol. 93(8). pp. 1236-1239.
19. Omel'yanenko T.Z. (2021). O rasprostranenii i nekotoryh osobennostyay *Cyclachaena xanthiiifolia* (Nutt.) Fresen. na territorii Rossijskoj Federacii [On the distribution and some features of *Cyclachaena xanthiiifolia* (Nutt.) Fresen. on the territory of the Russian Federation]. *Phytosanitary Quarantine of plants*. vol. 2(6). pp. 50-62. [in Russian].
20. Oswalt C.M., Fei S., Guo Q., Iannone III B.V., Oswalt S.N., Pijanowski B.C., Potter K.M. (2015) A subcontinental view of forest plant invasions. *NeoBiota*. vol. 25. pp. 49-54.
21. Petelina A.M. '(1960) Aktyubinskaya oblast [General natural and soil conditions of agricultural production in the regions of Kazakhstan] *Proceedings of the Institute of Soils of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR*. vol.10. pp. 150-186. [in Russian].
22. Prokop'ev E.P., Merzlyakova I.E., Mineeva T.A., Kudryavcev V.A. (2007) K razrabotke metodov ocenki sinantropizacii flory i rastitel'nosti urbanizirovannyx territorij [Synanthropization of plants and animals]. Irkutsk . pp. 124-127. [in Russian].
23. Yang Q., Weigelt P., Fristoe T.S., Zhang Zh., Kreft H., Stein A., Seebens H., Dawson W., Ess F., König Ch., Lenzner B., Pergl J., Pouteau R., Pyšek P., Winter M., Ebel A.L., Fuentes N., Giehl E.L.H., Kartesz J., Krestov P., Kukk T., Nishino M., Kupriyanov A., Villaseñor J.L., Wieringa J.J., Zeddam A., Zykova E., van Kleunen M. (2021) The global loss of floristic uniqueness. *Nature communications*. vol.12. pp.7290 | <https://doi.org/10.1038/s41467-021-27603-y> | www.nature.com/naturecommunications.
24. Rabotnov T.A. (1992) Fitocenologiya [Phytocenology]. Moscow: MSU. 352 p. [in Russian].
25. Sala O.E. Chapin F.S., Armesto J.J., Berlow E., Bloomfield J., Dirzo R., Huber-Sanwald E., Huenneke L.F., Jackson R.B., Kinzik A., Leemans R., Lodge D.M., Mooney H.A., Oesterheld M., LeRoy P.H., Sykes M.T., Walker B.H., Walker M.Wall D.H. (2006) Global biodiversity Scenariosfor the year 2100. *Science*. vol. 287(5459). pp. 1770-1774.
26. Smolyaninova L.A. (1959) *Cyclachaena xanthiiifolia* (Nuttall) Freseniu [Flora of the USSR]. M.-L. vol. 25. pp. 515. [in Russian].
27. Strother J. L. (2006) *Cyclachaena*. *Flora of North America*. N.Y.: Oxford Univ. Press. vol. 21. pp. 28
28. Terekhina T.A. (2016). *Cyclachaena xanthiiifolia* (Nutt.) Fresen. – Ciklahena durnishnikolistnaya [*Cyclachaena xanthiiifolia* (Nutt.) Fresen]. [The Black Book of the Flora of Siberia]. Novosibirsk: Academic Publishing House “Geo”. pp. 102-105. [in Russian].
29. Vila M., Cobin J.DDukes., J.S., Pino J., Smith S.D. (2006) Linking plants invasion to environmental change. *Terrestrial ecosystems in a changing world*. Berlin: Springer. pp. 115–124.
30. Vinogradova Y.U., Akatova T.V., Anenhonov O.A., Ankipovich E.S., Antipova E.M., Antonova L.A., Afanas'ev V.E., Bagrikova N.A., Baranova O.G., Borisova E.A., Borisova M.A., Bochkin V.D., Bulanyj Yu.I., Verhozina A.V., Grigor'evskaya A.Ya., Efremov A.N., Zykova E.Yu., Kravchenko A.V., Krylov A.V., Kupriyanov A.N., Lavrinenko Yu.V., Laktionov A.P., Lysenko D.S., Majorov S.R., Men'shakova M.YU., Meshcheryakova N.O., Mininzon I.L., Mihajlova S.I., Morozova O.V., Notov A.A., Panasenko N.N., Plikina N.V., Puzyrev A.N., Rakov N.S., Reshetnikova N.M., Ryabovol S.V., Sagalaev V.A., Silaeva T.B., Silant'eva M.M., Starodubceva E.A., Stepanov N.V., Strel'nikova T.O., Terekhina T.A., Tremasova N.A., Tret'yakova A.S., Horun L.V., Chernova O.D., Shaulo D.N., Ebel' A.L. «Black»-list invazionnyh rastenij Rossii (2015) [“Black”-list of invasive plants of Russia]. *Problems of industrial botany of industrially developed regions*. Kemerovo. pp. 68-72. [in Russian].

**Авторлар түралы мәлімет:**

Туралин Бауыржан Алтысбайұлы (корреспондент-автор) – Биология кафедрасының ага оқытушысы К. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті. Қазақстан. Ақтөбе қ., Ә. Молдагұлова даңғылы 34. Тел.: +7 (702) 197-32-47. E-mail: bauke\_1982@mail.ru

Куприянов Андрей Николаевич – биология ғылымдарының докторы, профессор, Кузбасс ботаникалық базының бөлім мензгерушісі. Кузбасс ботаникалық базы Федеральды зерттеу орталығы, көмір және көмір химиясы сібір бөлім, РГА, Ленинград даңғ. 10. Ресей. Кемерово қ. Тел.: +7(905)969-74-66. E-mail: kuper-42@yandex.ru

Абидкулова Каримә Тулегеновна – биоалуантурлік және биоресурстар кафедрасының PhD-докторантты. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғылы, 71, Алматы, Қазақстан. Тел.: +7 (701) 620-70-40. E-mail: Karime.Abidkulova@kaznu.kz

Телеуов Ақылжан Нұрхайырұлы - биология ғылымдарының кандидаты, экология кафедрасының доценті К. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан, Ақтөбе қаласы, А. Молдагұлова даңғылы, 34. Тел.: +7 (702) 155-32-22. E-mail: tanir\_kz@yahoo.com

Сырымбетов Серім Тыныштықбайұлы-биология кафедрасының ага оқытушысы К. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан, Ақтөбе қаласы. Тел.: +7 (705) 493-86-71 e-mail: serim2017@mail.ru

Адманова Гүлнұр Болатқызы – биология ғылымдарының кандидаты, биология кафедрасының ага оқытушысы, К. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан. Тел.: +7 (701) 309-86-94. E-mail: admanova@mail.ru

Жуандай Жайдарғұл Избасарқызы – биология кафедрасының ага оқытушысы, биология кафедрасының мензгерушісі К. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан, Ақтөбе қаласы. Тел.: +7 (702)4044790. E-mail:zhenia\_80@bk.ru

Абдукаримов Абдумурат – биология кафедрасының аға оқытушысы К. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан, Ақтөбе қаласы. Тел.: +7 (705) 838-72-57 E-mail: tarum.65@mail.ru

Чилдибаева Эсег Жұмагұлқызы – биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының аға оқытушысы, Phd докторы. әл-Фарағи атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фарағи даңғылы, 71., Алматы, Қазақстан. Тел.: +7 (701) 821-58-51. E-mail: a.zh.childebaeva@gmail.com

**Information about authors:**

Turalin Bauyrzhan Alpysbayuly (corresponding author) – Senior lecturer of the Department of biology K. Zhubanov Aktobe Regional University, Kazakhstan. Aktobe, A. Moldagulova Ave., 34. Tel.: +7 (702) 197-32-47. E-mail: bauke\_1982@mail.ru

Kupriyanov Andrey Nikolaevich – doctor of biological sciences, Professor, Head of the Department of the Kuzbass botanical garden of the Federal Research Center of Coal and Coal Chemistry SB RAS, 10 Leningradskii avenue, Kemerovo, Russia. Tel: +7(905)969-74-66. E-mail: kupr-42@yandex.ru

Abidkulova Karime Tulegenovna – PhD-doctoral student of the Department of Biodiversity and Bioresources Al-Farabi Kazakh National University, 71 Al-Farabi Ave., Almaty, Kazakhstan. Tel.: +7 (701) 620-70-40. E-mail: Karime.Abidkulova@kaznu.kz

Teleuov Akylzhhan Nurkhairovich – Candidate of Biological Sciences, Associate Professor of the Department of Ecology Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, 34 A. Moldagulova Ave., Kazakhstan. Tel.: +7 (702) 155-32-22. E-mail: tanir\_kz@yahoo.com

Syrymbetov Serim Tynyshtykbayevich – Senior lecturer of the Department of Biology Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan. Tel.: +7 (705) 493-86-71 E-mail: serim2017@mail.ru

Admanova Gulnur Bolatovna – candidate of biological sciences, Senior Lecturer at the Department of Biology, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan. Tel.: +7 (701) 309-86-94. E-mail: admanova@mail.ru

Kuanbai Zhaidargul Izbasarkyzy – senior lecturer of the Department of Biology, Head of the Department of Biology Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Kazakhstan, Aktobe. Tel.: +7(702)4044790. E-mail: zhenia\_80@bk.ru

Abdukarimov Abdumurat – is a senior lecturer at the Department of Biology of Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan. Tel.: +7 (705) 838-72-57 E-mail:tarum.65@mail.ru

Childebayeva Asel Zhumagulovna – Senior Lecturer, PhD, Department of Biodiversity and Bioresources, Al-Farabi Kazakh National University, 71 Al-Farabi Ave., Almaty, Kazakhstan. Tel.: +7 (701) 821-58-51. E-mail: a.zh.childebaeva@gmail.com

Келіп түсті: 6 ақпан 2024 жыл  
Қабылданды: 20 мамыр 2024 жыл

А.Б. Достемесова<sup>1\*</sup>, К.С. Избастина<sup>2,3</sup>, С.К. Мухтубаева<sup>2,4</sup>,  
 М.Ж. Жумагул<sup>2,4</sup>, Ж.А. Абдукадирова<sup>1</sup>, Г.С. Мұқан<sup>5</sup>,  
 А.К. Жанбырбаева<sup>6</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Ботаника және фитоинтродукция институты ШЖҚ РМК филиалы «Астана ботаникалық бағы», Қазақстан, Астана қ.

<sup>3</sup>С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Қазақстан, Астана қ.

<sup>4</sup>Астана халықаралық университетті, Қазақстан, Астана қ.

<sup>5</sup>Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Ботаника және фитоинтродукция институты ШЖҚ РМК, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>6</sup>С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: anardostemesova@gmail.com

## КҮНГЕЙ АЛАТАУЫ ЖАҒДАЙЫНДА *CHELIDONIUM MAJUS* L. ДӘРІЛІК ТҮРІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН ӨСІМДІК ЖАМЫЛҒЫСЫНЫҢ ЭТАЛОНДЫҚ УЧАСКЕЛЕРИН ЗЕРТТЕУ

Мақалада Күнгей Алатауының қазақстандық бөлігі аумағындағы *Cheledonium majus* L. дәрілік өсімдігінің қатысуымен эталондық участеклерді зерттеу нәтижелері ұсынылған. Әртүрлі өсімдік аймақтарының типтік қауымдастықтары (флористикалық құрамы мен құрылымы) бар 5 анықтамалық участекенің сипатталған. Күнгей Алатауы – Солтүстік Тянь-Шаньның ерекше және көз тартарлық аймағы, әртүрлі табиғи ерекшеліктері бар үш ботаникалық-географиялық провинцияның: Орталық Тянь-Шань-Транс-Алай, өтпелі Қашқар-Шығыс Тянь-Шань және өтпелі Жонғар аймағының түйіскен жерінде орналасқан. Зерттеу аймағы ботаникалық алуантурлілігі жоғары Қырғызстан Республикасымен шекаралас аумақ ретінде қызығушылық түдірады. Шекаралық физикалық-географиялық жағдайына байланысты оның флорасының қалыптасуына әртүрлі ірі ботаникалық-географиялық орталықтар (Солтүстік және Батыс Тянь-Шань) әсер етті. Жотаның көптеген аумактарында табиғи кешендердің түрлік құрамы оның қолжетімсіздігіне байланысты табиғи күйінде сақталған және бүкіл Солтүстік Тянь-Шань үшін флористикалық этalon болып табылады. Авторлар Күнгей Алатаудың қазақстандық бөлігінің аумағында *C. majus*-ты тексеру және тарату бойынша зерттеу циклдарын жүргізді, бұл қазіргі уақытта зерттелген түр популяцияларының бар екендігі, олардың әртүрлі өсімдіктер қауымдастықтарындағы тіршілік ету ерекшеліктері, оның популяцияларына теріс факторлардың әсер ету дәрежесін және осындай әсер ету салдарының ұзақтығын анықтау, осы түрдің экологиясы туралы негұрлым толық мәліметтер алуға мүмкіндік берді. *C. majus* негізінен тәменгі және орта белдеулердің таулы оңтүстік беткейлерінде, қалың бұталардың арасында, өзен жағаларында және сайлардың соқпақтары мен беткейлерінде өсетіні анықталды.

**Түйін сөздер:** Күнгей Алатау, *Cheledonium majus* L., дәрілік, эталондық участек, шатқалдар, түр.

A.B. Dostemessova<sup>1\*</sup>, K.S. Izbastina<sup>2,3</sup>, S.K. Mukhtubayeva<sup>2,4</sup>,  
M.Z. Zhumagul<sup>2,4</sup>, Zh.A. Abdukadirova<sup>1</sup>, G.S. Mukan<sup>5</sup>, A. Zhanbyrbayeva<sup>6</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>RSE on the REM "Astana Botanical Garden" Committee of Forestry and Animal World of the Ministry of Ecology  
and Nature Conservation, Kazakhstan, Astana

<sup>3</sup>S. Seifullin Kazakh AgroTechnical Research University, Kazakhstan, Astana

<sup>4</sup>Astana International University, Kazakhstan, Astana

<sup>5</sup>Republican state enterprise with the right of economic management «Institute of Botany and Phytointroduction» of  
the Committee of Forestry and Wildlife of the Ministry of Ecology and Natural Resources

of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan, Almaty

<sup>6</sup>Kazakh National Medical University named after S.D. Asfendiyarova, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: anardostemesova@gmail.com

### **Study of reference sites of vegetation cover with the medicinal species *Chelidonium majus* L. in the conditions of Kungai Alatau**

The article presents the results of the study of reference sites with the medicinal plant *Chelidonium majus* L. in the Kazakh part of the Kungai Alatau. Descriptions of 5 reference sites with typical communities (floristic composition and structure) of different vegetation belts are given. Kungai Alatau is a peculiar and interesting region of the Northern Tien Shan, located at the junction of three botanical-geographical provinces different in their natural features: Central Tianshan-Zaalai, Kashgar-East Tianshan transitional and Dzungar transitional. The study region is of interest as a transboundary territory with the Republic of Kyrgyzstan with a high degree of botanical diversity. Due to its border physical-geographical position, the formation of its flora was influenced by different large botanical-geographical centers (Northern and Western Tien Shan). The species composition of natural complexes of many parts of the ridge has been preserved in a natural state due to its inaccessibility and represents a reference in floristic respect for the whole Northern Tien Shan. The authors of the work conducted cycles of studies on the study and distribution of *C. majus* on the territory of the Kazakh part of the Kungai Alatau Ridge. Kungai Alatau, which allowed now to obtain more complete data on the existence of populations of the studied species, the peculiarities of their habitat in different plant communities, the identification of the degree of impact of negative factors on the population and the duration of the consequences of the negative impact. It was found that *C. majus* mainly grows on mountainous southern slopes of the lower and middle belt, among bushes, along the banks of rivers and along the plumes of slopes of gorges.

**Key words:** Kungey Alatau, *Chelidonium majus* L., medicinal, reference sites, gorges, species.

А.Б. Достемесова<sup>1\*</sup>, К.С. Избастина<sup>2,3</sup>, С.К. Мухтубаева<sup>2,4</sup>,  
М.Ж. Жумагул<sup>2,4</sup>, Ж.А. Абдукадирова<sup>1</sup>, Г.С. Мukan<sup>5</sup>, А.К. Жанбырбаева<sup>6</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>«Астанинский ботанический сад» филиал РГП на ПХВ «Институт ботаники и фитоинтродукции»  
Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства экологии  
и природных ресурсов Республики Казахстан, Казахстан, г. Астана

<sup>3</sup>Казахский Агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина, Казахстан, г. Астана

<sup>4</sup>Международный университет Астана, Казахстан, г. Астана

<sup>5</sup>РГП на ПХВ «Институт ботаники и фитоинтродукции» Комитета лесного хозяйства и животного мира  
Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан, Казахстан, г. Алматы

<sup>6</sup>Казахский национальный медицинский университет им. С.Д. Асфендиярова, Казахстан, г. Алматы

\* e-mail: anardostemesova@gmail.com

### **Исследование эталонных участков растительного покрова с участием лекарственного вида *Chelidonium majus* L. в условиях Кунгей Алатау**

В данной статье представлены результаты исследований эталонных участков с участием лекарственного растения *Chelidonium majus* L. на территории казахстанской части Кунгей Алатау. Представлены описания пяти эталонных участков с типичными сообществами (флористический состав и структура), представляющих различные пояса растительности. Хребет Кунгей Алатау – своеобразный и интересный регион Северного Тянь-Шаня, расположенный на стыке разных по природным особенностям трех ботанико-географических провинций: Центрально-Тянь-шанско-Заалайской, Кашгарско-Восточно-Тянь-Шанской и Джунгарской переходной. Регион исследования представляет интерес в качестве трансграничной с Республикой Кыргызстан территорией, обладающей высокой степенью ботанического разнообразия. Благодаря своему пограничному физико-географическому положению на формирование его флоры оказали влияние разные крупные ботанико-географические центры (Северный и Западный Тянь-Шань). Видовой состав природных комплексов многих участков хребта сохранился в естественном состоянии в силу его труднодоступности и представляет собой эталон во флористическом отношении для всего Се-

верного Тянь-Шаня. Авторами проведены циклы исследований по изучению и распространению *C. majus* на территории казахстанской части хр. Кунгей Алатау, что позволило сейчас получить более полные данные о существовании популяций изучаемого вида, особенностей их обитания в разных растительных сообществах, выявление степени воздействия негативных факторов на его популяции и длительности последствий такого воздействия являются более полными и представляют ценную информацию для понимания экологии этого вида. Установлено, что *C. majus* в основном произрастает на горных южных склонах нижнего и среднего пояса, среди зарослей кустарников, вдоль берегов рек и по шлейфам склонам ущелий.

**Ключевые слова:** Кунгей Алатау, *Chelidonium majus* L., лекарственный, эталонный участок, ущелья, вид.

## Кіріспе

Құнгей Алатауы Солтүстік Тянь-Шаньның қатпарлы аймағында орналасқан. Оның бастауы батыстағы Бoom шатқалы аймағында, ендікке жақын бағытта созылып жатыр. Жота дөғаны құрайды, оның дөңес бөлігі солтүстікке қарап, шығыста

Қарқара өзенінің аңғарына жақын жерде аяқталады. Шығыста Қарқара өзенінен батыста Шу өзеніне дейін жота ендік бағытта 280 км-ге жуық созылып жатыр. Жотаның орташа биіктігі 3300-ден 4400 м-ге дейін өзгереді[1] және жотаның ең биік нүктесі орталық бөлігінде орналасқан Шоқтал шыңы (4771 м) болып табылады (1- сурет).



1-сурет – Құнгей Алатау жотасының қазақстандық бөлігі

Құнгей Алатауы – салыстырмалы түрде еңсіз альпі тізбегі, жотасының ені ең биік жерінде 30-35 км. Ең жоғары биіктіктер Шотқал массивінде (4771 м) және жотаның орта бөлігінде Кемин шыңынан (4643 м) солтүстік-батысқа қарай Іле Алатауы жотасына қарай бағытталған массивтік биіктікке іргелес орналасқан [2]. Бұл аймақта биіктігі 4500 – 4600 м болатын көптеген әдемі шыңдар бар, ал Іле мен Құнгей – Алатау жоталарының жақындығы соншалық, олардың түзу сыйықтағы жота сыйықтары арасындағы қашықтық 8 км-ге дейін қысқарады. Чилико-Кемин кө-

пірі аймақтағы екі ірі өзен – Шілік пен Шоң-Кеминнің арасындағы су айрығы болып табылады. Жота гипометриялық биіктіктердің айтартлықтай алуандығымен және әртүрлі рельефтік беттермен, пішіндердің өте тік беткейлерімен және айқын деңгейлі рельефпен сипатталады.

Солтүстік Тянь-Шаньның басқа жоталары сияқты жотаның ерекше белгілерінің бірі асимметрия болып табылады. Яғни, ұзын солтүстік беткейлері тау аралық ойпандарға қараганда жеке сілемдерге бөлінген. Қысқа онтүстік беткейлері тау ішілік бассейндер мен бойлық аңгар-

лардың жоғары көтерілген бөлігіне тіреледі [3]. Жотаның шығыс бөлігінің етегінде Шілік пен Шарын сағасының онтүстік бөлігін алып жатқан Жалаңаш аңгары созылып жатыр.

Күнгей Алатау жотасының климаттық erek-shelikteri aikyn aymaktyq sipayatqa ie jene aumaqtyn biiktigide, betkaylerdin eksposiziya men tiktigide, sondai-ak aumaqtyn bolinu sиякты tabiqi faktorlar keshenine bailanysty. Tau etegindегі aumaqtyn absolютті biiktiginiң ұлғаюмен ауа ылғалдылығының жоғарылауы байкалады, бұл ретте жаздың ыстықтығы азайып, қысы жылы болады. Тау етегіндегі жазықтың басынан қарлы шындарға дейін климат бірте-бірте ыстық, құрғақ және құрт континенттікten ылғалды және өте суыққа дейін ауысады [4], бұл аумақтың сумен қамтамасыз етілуіне әсер етеді.

Күнгей Алатауының шығыс бөлігінің өсімдік жамылғысының сипаты Солтүстік Тянь-Шаньның орталық бөлігіндегі аумақтың орналасуымен анықталады. Бастанқыда бұл аумақтың

өсімдік жамылғысы мен зонасын Н.П. Семенов-Тянь-Шанский зерттеді. Белдіктерді анықтау кезінде ол әртүрлі белгілерге, бірінші ботаникалық (өсімдік түрлері), екінші шаруашылық маңызды сипаттамаларға негізделген. Бұл биіктік-белдіктерді кейін көптеген зерттеушілер зерттеген және өсімдіктерге әсер ететін көптеген факторларды ескере отырып, оны нақтылап, толықтырган [5-8].

Зерттелген аймақта өсімдіктердің басым түрлеріне және олардың комбинацияларына сүйене отырып, белдеулерін шөл, дала, орманды шалғын, субальпі, альпі, мәңгі қар белдеуіне ажыратуға болады. Шөл өсімдіктері Жаланаш тау бөктерінде, Іле Алатауы мен Кетмен жоталарымен түйісken жерде, Шарын шатқалына іргелес жатқан Шарын терең ойығының бойында басым [9]. Шөлдің жеке элементтері биік таулы белдеуде де кездеседі [9], олар дала және жартылай шалғынды-криофильді типтегі өсімдіктермен коршалған (2- сурет).



2-сурет – Орман-шалғындық белдеуінің өсімдік жамылғысы

Өсімдіктер жамылғысының негізін қалаушылар тау және тау етегіндегі *Stipa macroglossa* қатысуымен, қараған (*Caragana kirghisorum*, *C.leucophloea*), жусандар (*Artemisia borotalensis*, *A. tianschanica*, *A. junica*, *A. sublessingencea*) және кірпі тасбұйырғын (*Nanophyton erinaceum*) шөлдердің ксерофильді бұталар мен шөлді сипаттайтын түрлер болып табылады.

Орталық Азиядағы Жонғар провинциясының эндемигі *Brachanthemum titovii* (Asteraceae) өседі. Жартасты беткейлер мен төбелердің шындарында сирек кездесетін *Helianthemum songaricum*, *Convolvulus tragacanthoides* қауымдастықтармен көзге түседі [10-12]. Аймақтың флорасы экономикалық [13] және ғылыми тұрғыдан жоғары қызығушылық тудырады. Бұл ай-

мақтағы қауымдастықтардың ең басым түрлерінің бірі – ұлken сүйелшөп (*Chelidonium majus* L.)

Ұлken сүйелшөп қоныржай белдеуге бейімделген және көбінесе азот мөлшері жоғары антропогендік тіршілік орындарын алады, бұл оны нитрофилді түрге айналдырады. Өсімдік өзінің емдік қасиетімен кеңінен таныстал, әсіресе Батыс және Азия елдерінде, Қытайдаң әстүрлі медицина мен гомеопатияда белсенді қолданылады. Еуропа елдерінде және Қытай фитопрепараттарының құрамында әртүрлі аурулармен құресу үшін кеңінен пайдалыады [14-17].

Зерттеу жұмысының мақсаты Күнгей Алатау жотасының қазақстандық бөлігінің өсімдік жамылғысында *Chelidonium majus* L. дәрілік өсімдігі өсетін эталондық участекерді зерттеу болып табылады.

### Зерттеу материалдары мен әдістері

Түрлердің құрамы мен өсімдіктер қауымдастырын зерттеу кезінде флористикалық, экологиялық-географиялық, геоботаникалық сияқты классикалық әдістер қолданылады.

Гербарий материалын жинау жалпы қабылданған далалық геоботаника әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылды [18-19]. Түрдің таралуын анықтау үшін маршруттық барлау және сирек кездесетін түрлердің нақты ценопопуляцияларын зерттеу әдістері қолданылады. *C. majus* өсімдік жамылғысының эталондық участекерін зерттеу кезеңінде Көлсай және Саты шатқалдарына еki экспедициялық маршрут жүргізілді.

Қауымдастықтағы сирек кездесетін өсімдіктер түрлерін анықтау бойынша мониторингтік зерттеулер шенберінде 5x10 (жартастарда), 10x20 (шалғындық қауымдастықтарда) және 50x100 (орман ценоздарында) сынақ алаңдары құрылды. Түрлердің тығыздығы мен популяцияның алып жатқан ауданы бағаланып, сандық есеп жүргізілді. Далалық зерттеу барысында сипаттама нүктелерін байланыстыру үшін GPS навигациялық құрылғысы, сонымен қатар мекендеу ортасының картасы және көрнекі құжаттама үшін цифрлық камера пайдаланылады.

Мониторингтік алаңдарды белгілеу кезінде негізгі бақыланатын параметрлер ретінде алып жатқан ауданы, молшылығы, проекциялық жамылғысы, дарақтардың көптігі, гүлденудің (немесе жеміс беру) көптігі, генеративтік дарақтардың (өсімдіктің биіктігі), дамудың фенологиялық фазасы және жойылу қаупі ескерілді. Таксономиялық зерттеулер барысында “Қазақстан флорасы” [20], “Орталық Азия өсімдікте-

рінің анықтаушысы” және М.С. Байтеновтың “Қазақстан флорасы” жинақтары [21-22] ақпарат көздері пайдаланылды. Сондай-ақ, Күнгей Алатау жотасының флорасы мен өсімдіктерін зерттеуге арналған басылымдар қолданылды [23]. Гербарий материалдарын нақтылау үшін Ботаника және фитоинтродукция институтының (Алматы қ.) гербарий қорының (АА) ресурстары пайдаланылды.

Өсімдік түрлерінің атаулары Plants of the World Online (POWO) (URL: <https://powo.science.kew.org/>) [24] мен «Плантариум» (URL: <https://www.plantarum.ru/>) веб-сайттары бойынша берілді [25]. Кейбір түрлер үшін синонимдер жақша ішінде берілген. Дарақтардың көптігі шөптесін өсімдіктердің көптігін бағалауға арналған Друде шкаласы арқылы анықталды. Шкала келесі категорияларды қамтиды: solitarius (sol.) – жалғыз; sparsus (sp.) – аз; copiosus (cop.) – көп, copiosae<sub>1</sub> (cop<sub>1</sub>) – айтарлықтай мол, copiosae<sub>2</sub> (cop<sub>2</sub>) – мол, copiosae<sub>3</sub> (cop<sub>3</sub>) – ете көп; socialis (soc.) – жаппай толығымен; unicum (un) – бір дана [26].

Белгілі бір аумақтағы әртүрлі түрлердің фенологиясын талдау визуалды бақылаулар арқылы жүргізіледі [27].

### Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Жүргізілген зерттеулер Күнгей Алатау жотасының шығыс бөлігіндегі әртүрлі өсімдік белдеулерінің флористикалық құрамы мен құрылымын көрсете отырып, типтік қауымдастықтар сипатталған аймақтарды анықтауға мүмкіндік берді. Ұлken жұмыста біз *Chelidonium majus* өсетін әртүрлі биотоптарды ұсынамыз.

Олардың өсу орны шыршалы ормандарда, таулы даланың оңтүстік беткейлерінде және субальпі бұталарында байқалады. Төменде *Chelidonium majus* мекендеу орындары анықталған аймақтардың сипаттамасы берілген.

№1 аумақ Талды өзенінің оң жағалауында орналасқан (3-сурет).

Бұл аймақ өзен жағасында және еңіс соқпақ бойында өсіп кеткен ірі тасты шөгіндіде орналасқан шырша мүк орманы болып табылады. Мүк басқан Шренк шыршасы басым бореалды шыршалы ормандарда қамтиды [28]. Шырша ағаштарының биіктігі 25-30 м, тәжінің тығыздығы – 0,7. Топырақ жамылғысында жасыл мүк басым. Шөптесін өсімдіктердің үлесі 10% – дан аспайды. GPS координаттары: N-42°59'50,4"; E-078°14'19,2". Биіктігі – теңіз деңгейінен 1804 м. 1-кестеде осы участекін түр құрамы көрсетілген.



**3-сурет – Талды өзені шатқалының оңтүстік беткейіндегі *Chelidonium majus***

**1-кесте – №1-ші эталондық аймақтың түрлік құрамы**

Түр атауы	Фенофаза	Молшылығы
1	2	3
<i>Picea schrenkiana</i> Fisch. & C.A.Mey.	Гүлдеп, жеміс түзген	Cop1
<i>Sorbus sibirica</i> (Hedl.) Prain ( <i>S. aucuparia</i> subsp. <i>glabrata</i> )	Гүлдену аяқталған	Sol-Sp
<i>Populus tremula</i> L.	Жеміс салу	Sol
<i>Lonicera stenantha</i> Pojark. ( <i>L. caerulea</i> subsp. <i>stenantha</i> )	Вегетация кезеңінде	Sol
<i>L. karelinii</i> Bunge ex P.Kir. ( <i>L. webbiana</i> Wall. ex DC.)	Жеміс салу	Sol
<i>Rosa alberti</i> Regel	Гүлдену	Sol
<i>Ribes meyeri</i> Maxim.	Гүлдену	Sol
<i>Rubus idaeus</i> L.	Гүлдену	Sol
<i>R. saxatilis</i> L.	Гүлдену	Sol
<i>Aegopodium alpestre</i> Ledeb.	Вегетация кезеңінде	Sp-Cop1
<i>Poa nemoralis</i> L.	Гүлдену	Sp
<i>Atragene sibirica</i> L. ( <i>Clematis alpina</i> subsp. <i>sibirica</i> (L.) Kuntze)	Гүлдену	Sol
<i>Goodyera repens</i> (L.) R.Br.	Гүлдену	Sol-Sp
<i>Orthilia obtusata</i> (Turcz.) Jurtzев ( <i>O. secunda</i> (L.) House)	Гүлдену	Sol
Мақалада Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда ағаш жартылай қаттықанаттыларына 2023 жылы жүргізілген зерттеулер нәтижелері беріліп отыр. Зерттеу нәтижесінде ағаш Жартылай қаттықанаттыларының 8 тұқымдасына жататын 37 түрі анықталды. Бұлардың ішіндегі тұқымдастар: Жай көзшесіздер (8 түр, 22%), Шілтерлі қандалалар (7 түр, 19%), Ұсақ жыртқыштар (6 түр, 16%), Аңшы қандалалар, Жер қандалалары (4 түрден, 11%), Ағаш қалқаншалылары, Нағыз қалқаншалылар (3 түрден), Қабықасты қандалалары (2 түр) белгілі болды. Жартылай қаттықанаттылар тіршілік ету ортасына қарай ағашта, ағаш-бұтада, ағаш-бұта-шөптесін өсімдікте, ағаш-шөптесін өсімдікте тіршілік ететіндер болып бөлінеді. Ағаш қандалалары (24 түр), ағаш-бұта қандалалары (8 түр), ағаш-бұта-шөптесін түрлері (2 түр), ағаш-шөптесін түрлері (3 түр). Олар коректік байланысы жағынан жыртқыштар (11 түр), арасас коректілер (4 түр), өсімдіккоректілер (20 түр: кен өсімдіккоректілер (5 түр), тар өсімдіккоректілер (2 түр), көп өсімдіккоректілер (13 түр) және саңырауқұлақкоректілер (2 түр) болып бөлінеді. Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның ағаш жартылай қаттықанаттылары жылына беретін үрпақ санына қарай 4 топқа бөлінеді: жылына 1 рет үрпақ береді (25 түр), жылына 2 рет үрпақ береді (7 түр), жылына 3 реттен артық үрпақ береді (3 түр), бір кезеңде бар даму сатысы бар (2 түр). Зерттеу аймағындағы түрлер экологиялық жағынан қалыпты ылғалды (36 түр) және ылғалдықуаң (тек 1 түр – *Orsillus maculatus*) болып бөлінеді. Жартылай қаттықанаттылар шала түрленіп дамитын жәндіктерге жатады және дамудың келесі кезеңдерінен өтеді – жұмыртқа, дернәсіл және ересек дарасы. Олар дамудың әртүрлі кезеңдерінде қыстаиды. Көптеген түрлерде қыстау кезеңі ересек дарасы сатысында (28 түр), жұмыртқа сатысында (6 түр) және дернәсіл сатысында (3 түр) болады. Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның ағаш жартылай қаттықанаттылары 13 зоогеографиялық таралу аймақтарында кездеседі: неотропикалық-голарктикалық (1 түр), голарктикалық (5 түр), транспалеарктикалық (6 түр), транспалеарктикалық-эфиоптық (1 түр), батыспалеарктикалық (5 түр), шығыспалеарктикалық (3 түр), трансевразиялық (8 түр), батысевразиялық (2 түр), ортатетиілік (1 түр), ортатетиілік-тибет (1 түр), тұран (1 түр), тұран-гобий (2 түр), иран-тұран (1 түр).

**Түйін сөздер:** Оңтүстік-Шығыс Қазақстан, ағаш жартылай қаттықанаттылары, Heteroptera.

P.A. Esenbekova<sup>1\*</sup>, Kh.G. Korganbek<sup>2</sup>

<sup>1</sup>RSE "Institute of Zoology" Committee of Science Ministry of Science

and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Kostanay regional university named after A. Baitursynov, Kazakhstan, Kostanay

\*e-mail: esenbekova\_periz@mail.ru

### **Arboreal hemiptera (Hemiptera, Heteroptera) of South-Eastern Kazakhstan**

The article presents the results of studies of arboreal hemiptera in South-eastern Kazakhstan, conducted in 2023. As a result of the study, 37 species of arboreal hemiptera belonging to 8 families were identified. They are Miridae (8 species), Tingidae (7 species), Anthocoridae (6 species), Nabidae, Lygaeidae (4 species each), Acanthosomatidae, Pentatomidae (3 species each), Aradidae (2 species). According to their habitat, arboreal hemiptera of South-eastern Kazakhstan are divided into several groups: dendrobionts (24 species), dendro-tamnobionts (8 species), dendro-tamno-hortobionts (2 species), dendro-hortobionts (3 species). They are divided by food connections into zoophages (11 species), zoophytophages (4 species), phytophages (20 species) and mycetophages (2 species). According to the number of generations per year, all species of woody hemiptera of South-eastern Kazakhstan can be divided into several groups: 1) monovoltine (25 species), 2) bivoltine (7 species), 3) polyvoltine (3 species), 4) acyclic species

(2 species). Different species of hemiptera have different requirements for the degree of moisture content of the habitat. On this basis, the following ecological groups of species can be distinguished: mesophiles (36 species) and mesoxerophile (only *Orsillus maculatus*). Hemiptera belong to insects with incomplete transformation and go through the following stages of development – egg, larva and imago. They are characterized by wintering at different stages of development. In most species, winter diapause occurs at the imago stage (28 species), at the egg stage (6 species) and at the larva stage (3 species). Arboreal hemiptera of Southeastern Kazakhstan are found in 13 zoogeographic regions: Neotropical-Holarctic (1 species), Holarctic (5 species), Trans-Palearctic (6 species), Trans-Palearctic-Ethiopian (1 species), West Palearctic (5 species), East Palearctic (3 species), Trans-Eurasian (8 species), West Eurasian (2 species), Orthatetic (1 species), Orthatetic-Tibetan (1 species), Turanian (1 species), Turano-Gobi (2 species), Iranian-Turanian (1 species).

**Key words:** South-Eastern Kazakhstan, arboreal hemiptera, Heteroptera.

П.А. Есенбекова<sup>1\*</sup>, Х.Г. Корғанбек<sup>2</sup>

<sup>1</sup>РГП «Институт зоологии» КН МНВО РК, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Казахстан, г. Костанай

\* e-mail: esenbekova\_periz@mail.ru

### Древесные полужесткокрылые (Hemiptera, Heteroptera) Юго-Восточного Казахстана

В статье представлены результаты исследований древесных полужесткокрылых в Юго-Восточном Казахстане, проведенных в 2023 г. В результате исследования выявлено 37 видов древесных полужесткокрылых, принадлежащих к 8 семействам. Из них были определены следующие семейства: Слепняки (8 видов), Кружевницы (7 видов), Крошки-хищники (6 видов), Клопы-охотники, Наземники (по 4 вида), Древесные щитники, Настоящие щитники (по 3 вида), Подкорники (2 вида). По приуроченности к местам обитания древесные полужесткокрылые Юго-Восточного Казахстана подразделяются на несколько групп: древесные (24 вида), древесно-кустарниковые (8 видов), древесно-кустарниково-травянистые (2 вида), древесно-травянистые (3 вида). Древесные полужесткокрылые по пищевым связям подразделяются на следующие группы: зоофаги (11 видов), полифитофаги (4 вида), фитофаги (20 видов) и мицетофаги (2 вида). Также по числу поколений в год все виды древесных Юго-Восточного Казахстана можно разделить на несколько групп: моновольтинные (одно поколение в год) (25 видов), бивольтинные (два поколения в год) (7 видов), поливольтинные (несколько поколений в год) (3 вида), ациклические виды (2 вида). Разные виды полужесткокрылых имеют различные требования к степени увлажненности местаобитания. По этому признаку могут быть выделены следующие экологические группы: умеренной влажности (36 видов) и мезоксерофил (только 1 вид *Orsillus maculatus*). Полужесткокрылые относятся к насекомым с неполным превращением и проходят следующие стадии развития – яйцо, личинка и имаго. Для них характерна зимовка на разных стадиях развития. У большинства видов зимняя диапауза происходит на стадии взрослой особи (28 видов), на стадии яйца (6 видов) и на стадии личинки (3 вида). Древесные полужесткокрылые Юго-Восточного Казахстана находятся в 13 зоогеографических областях: неотропико-голарктическая (1 вид), голарктическая (5 видов), транспалеарктическая (6 видов), транспалеарктическо-эфиопская (1 вид), западноспалеарктическая (5 видов), восточноспалеарктическая (3 вид), трансевразиатская (8 видов), западноевразиатская (2 вида), ортатетическая (1 вид), ортатетическо-тибетская (1 вид), туранская (1 вид), турено-гобийская (2 вида), ирано-туранская (1 вид).

**Ключевые слова:** Юго-Восточный Казахстан, древесные полужесткокрылые, Heteroptera.

### Кіріспе

Жартылай қаттықанаттылар немесе қандалалар – насекомдар класындағы ең үлкен отрядтардың бірі. Олар түрлі биотоптарда тіршілік етіп, биогеоценоздағы биологиялық процестерде маңызды рөл атқарады. Олардың арасында жыртқыш және өсімдіккоректі түрлер көптеп кездеседі. Өсімдіккоректі түрлері жаппай көбейіп, орман шаруашылығына зиянын келтіреді.

Ал жыртқыш түрлері орман шаруашылығындағы зиянды түрлердің санын реттеп, пайдалы әсер етеді.

Жартылай қаттықанаттылар отряды жайлы соңғы жылдардағы шетелдік әдебиеттерге шолу жасасақ, жартылай қаттықанаттылардың систематикасы, биологиясы, экологиясы мен эволюциясының соңғы жылдардағы жетістіктері же-келеген тұқымдастар: қабық асты қандалалары [1-2], шілтерлілер [3-6], шокпарлылар мен жер

қандалалары [7], нағыз қалқаншалылар [8], жалпы Жартылай қаттықанаттылар жайлы мәліметтер [9-10] осы басылымдарда көрсетілген.

Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда ағаш жартылай қаттықанаттыларына арнайы зерттеу жұмыстары жүргізілмеген, сондықтан бұл жұмысымыз өзекті.

Зерттеу мақсатымыз – Оңтүстік-Шығыс Қазақстан территориясының ағаш жартылай қаттықанаттыларының түр құрамын, биологиясы, экологиясын және таралуын зерттеу.

### Материалдар мен зерттеу әдістері

Насекомдар өсімдіктерді арнайы энтомологиялық ауа сүзгісімен «ору» әдісімен және ағаштар мен бұталарды ақ матаға қағу арқылы жиналды, ал ұсақ насекомдарды ұстауға эксгаустер аспабы пайдаланылды. Тұнгі жарыққа ұшып келетін насекомдар арнайы жарық көздерінен, автокөлік жарықтарынан ұсталды. Сонымен қатар насекомдарды өсімдіктерден көзben қарап, суретке түсіріп, бақылау жұмыстары жүргізілді [1-3]. Ұстаған жәндіктерді уландыратын ыдыс-тұншықтырғыш ыдысқа жинаиды [1].

Тұншықтырғыш ыдысқа жиналған жәндіктерді жансызданғаннан кейін, бірден энтомологиялық инеге тізген дұрыс. Мұндай жәндіктер коллекцияда сакталады және оларды анықтауда оңай болады. Инеге тізу уақытты талап етеді, сондықтан сактаудың ең тиімді тәсілі-мақтадан жасалған матрасшаларда сақтау [1-3]. Жиналған материал туралы мәлімет дала күнделігіне жазылып қана қоймай, мақта матрасшаның бетіне этикетка жазылады.

Этикеткада материалды жинаған жер атауы, биотопы, уақыты мен жинаған маман аты-жөні жазылады. Жинаған бар материал мақта матрасшалармен қатты қорапқа салынады.

Насекомдардың түр құрамы зертханалық жағдайда микроскоппен және анықтағыштармен анықталды.

### Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Төменде зерттеу нәтижесінде табылған түрлер жайлы мәліметтер беріліп отыр.

#### Шілтерлілер тұқымдасы – Tingidae

*Monosteira discoidalis* (Jakovlev, 1883). Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Масақ ауылы, Шелек өзені аңғары, 09.07.2023, 3♀, 3♂. Ағаш түрі (ақ теректерде, талдарда және басқа да жапырақты ағаштарда жапырақтарды зақымдау

арқылы айтарлықтай зиян келтіреді, қандалалар жапырақтардың төменгі бетінде үлкен топ болып жиналады); қалыпты ылғалды жерлерде, көбінесе жол бойындағы екпелерде, саябақтарда, қалалық ағаш екпелерінде кездеседі [4]; кең өсімдіккоректі; жылына екі рет ұрпақ береді (бивольтинді), ересек даралары қыстайды. Ортатетийлік түр.

*Monosteira inermis* Horvath, 1899. Жетісу Алатауы, Қояндытау, Ұзынбұлақ, Қайынды шатқалдары, 14.07.2000, 2♀, 2♂. Ағаш түрі; қалыпты ылғалды жерлерде; кең өсімдіккоректі (жапырақты ағаштарда); жылына екі рет ұрпақ береді, ересек даралары қыстайды [5]. Тұран түрі.

*Monosteira unicostata* (Mulsant & Rey, 1852). Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Масақ ауылы, Шелек өзені аңғары, 21.07.2023, 5♀, 4♂; Балқаш ауданы, Миялы ауылы маңы, Іле өзені аңғары, 07-08.07.2023, 35♀, 38♂, талда, карағашта жаппай кездесті, ағаштар зақымданған. Ағаш түрі (торанғы, тал, терек, карағашта); қалыпты ылғалды жерлерде; кең өсімдіккоректі (жапырақтарды зақымдайды, оларда сары дақтар пайда болады және қатты зақымдалған жапырақтар мерзімінен бұрын түсіп кетеді, бұл өсімдіктердің қалыпты өсуіне әсер етеді) [5]; жылына екі рет ұрпақ береді, ересек даралары қыстайды. Батыспалеарктикалық түр.

*Physatocheila distinguenda* Jakovlev, 1880. Алматы облысы, Қызылтан орманшалығы, Іле өзені аңғары, 18.07.2023, 3♀, 3♂. Дендро-тамно-бионт; қалыпты ылғалды жерлерде (өзендердің жайылмалары мен атырауларында); тар өсімдіккоректі (талда *Salix*); жылына бір рет ұрпақ береді, ересек даралары қыстайды [5]. Трансеуразиялық түр.

*Physatocheila putshkovi* Golub, 1976. Жетісу Алатауы, Шолақ тауы, Тайғақ шатқалы, 27.07.2023, 3♀, 2♂; Алматы қаласы, Зоология институты маңы, 12.07.2023, 2♀, 2♂. Ағаш түрі; қалыпты ылғалды жерлерде; тар өсімдіккоректі (мойыл, шетенде); жылына бір рет ұрпақ береді (моновольтинді), ересек даралары қыстайды [5]. Шығыспалеарктикалық түр.

*Physatocheila smreczynskii* China, 1952. Жетісу Алатауы, Шолақ тауы, Тайғақ шатқалы, 28.07.2023, 3♀, 3♂. Ағаш-бұта түрлері (Раушан-гүлділер тұқымдасы ағаштары мен бұталарында); қалыпты ылғалды жерлерде (орман биотоптарында, тауларда 900-1300 м дейін [5]; кең өсімдіккоректі (*Rosaceae* тұқымдасы); жылына 2-3 рет ұрпақ береді, ересек даралары қыстайды. Транспалеарктикалық түр.

*Stephanitis pyri* (Fabricius, 1775). Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Масақ ауылы, Шелек өзені аңгары, 23.07.2023, 2♀, 2♂; Іле өзені аңгары, Қызылтаң орманшылығы, 18.07.2023, 12♀, 8♂. Ағаш-бұта түрлері (*Pyrus, Malus, Ulmus, Tilia, Sorbus, Rosa*) және басқа да ағаштар мен бұталарда); қалыпты ылғалды жерлерде; көпөсімдіктерді; жылына 2-3 рет ұрпақ береді, ересек даралары қыстайды [5]. Батыспалеарктикалық түр.

**Аңшы қандалалар тұқымдасы – Nabidae**  
*Himacerus apterus* (Fabricius, 1798). Оңтүстік-Шығыс Қазақстан, Іле Алатауы, Ақсай шатқалы. 01.07.2023. 1♀2♂. Ағаш-бұта түрлері (жапырақты, қылқан жапырақты және қарағайлыш ормандарда, саябақтарда, бақтарда, жайылмалы ағаш-бұталы тоғайларда), 1 және 2 даму сатысындағы дернәсілдер шөптесін өсімдіктерде, ал 3 даму сатысындағы дернәсілдері бұталарға, содан кейін ағаштарға ауысады [6]; қалыпты ылғалды жерлерде (таулы орман түрі, субальпілік шалғындарға көтеріледі); жыртқыш (жұмсақ жабынды кенелермен және ұсақ жәндіктермен қоректенеді) [7, 8]; жылына бір рет ұрпақ береді, жұмыртқалары қыстайды. Голарктикалық түр.

*Himacerus mirmicoides* (O. Costa, 1834). Оңтүстік-Шығыс Қазақстан, Іле Алатауы, Ақсай шатқалы, 14.07.2023, 4♂, 3♀; Қырғауылды шатқалы, 13.07.2023, 1♂, 2♀. Дендро-тамно-хортобионт (әртүрлі шөптесінді және шөптесінді-бұталы, ағашты, негізінен жақсы қыздырылған және орташа қалыпты ылғалды жерлерде жерлерде); қалыпты ылғалды жерлерде (орман алқаптарында, сирек орман жамылғысы астында, бақтарда, саябақтарда, шабындықтарда); жыртқыш (ұсақ жәндіктер: өсімдік биттері, көбелек жұлдызқұрттары, жай көзшесіз қандалалар және т.б. қоректенеді) [6]; жылына бір рет ұрпақ береді, ересек даралары қыстайды. Батыспалеарктикалық түр.

*Nabis (Aspilaspis) pallidus* Fieber, 1861. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Масақ ауылы, Шелек өзені аңгары, 22-24.07.2023, 8♀, 2♂; Балқаш ауданы, Миялы ауылы маңы, Іле өзені аңгары, 05.07.2023, 4♀, 6♂ + III-IV даму сатысындағы дернәсілдері; «Алтыннемел» МҰТП, Іле өзені аңгары, 22-24.07.2023, 5♀, 5♂. Балқаш көлінің солтүстік жағалауынан И.М. Кержнер атап өтті [6]. Ағаш түрі (жынғылда); қалыпты ылғалды жерлерде; жыртқыш (әртүрлі жәндіктермен қоректенеді); жылына екі рет ұрпақ береді, ересек даралары қыстайды. Тұран-гобий түрі.

*Nabis (Aspilaspis) viridulus* Spinola, 1837. Алматы облысы, Балқаш ауданы, Миялы ауылы маңы, Іле өзені аңгары, 15.07.2023, 4♀, 4♂; «Алтыннемел» МҰТП, Іле өзені аңгары, 15.07.2023, 8♀, 4♀. Ағаш түрі (жынғылда); қалыпты ылғалды жерлерде; жыртқыш (әртүрлі жәндіктермен қоректенеді: өсімдік биттері, қандалалардың жұмыртқалары және дернәсілдері) [6]; жылына бір рет ұрпақ береді, ересек даралары қыстайды. Эфиоптық-транспалеарктикалық түр.

### Ұсақ жыртқыштар тұқымдасы – Anthocoridae

*Acompsocoris alpinus* Reuter, 1875. Іле Алатауы, Үлкен Алматы көлі, 23.07.2023, 2♀, 2♂. Ағаш түрі (қылқан жапырақты ағаштарда: *Abies, Picea, Larix, Pinus*), тауларға 1200 м биіктікке дейін және одан жогары көтеріледі; қалыпты ылғалды жерлерде (орман аймағында, көбінесе тауларда); жыртқыш (негізінен өсімдік биттерімен қоректенеді) [9]; жылына бір рет ұрпақ береді, ересек даралары қыстайды. Трансеуразиялық түр.

*Anthocoris angularis* Reuter, 1884. Оңтүстік-Шығыс Қазақстан, Іле Алатауы, Ақсай шатқалы. 01.07.2023. 3♀2♂. Ағаш түрі (өзен аңгарларында, шырганақта, талдар мен тораңыларда); қалыпты ылғалды жерлерде; жыртқыш (жапырақ бүргелері мен әртүрлі жәндіктердің дернәсілдерімен қоректенеді) [9]; жылына бір рет ұрпақ береді; ересек даралары қыстайды. Тұран – гобий төгай түрі.

*Anthocoris confusus* Reuter, 1884. Алматы облысы, Карасай ауданы, Алатау ауылы маңы, 16.07.2023, 3♀, 2♂; «Алтыннемел» МҰТП, Мыңбұлақ кордоны, 16.07.2023, 1♀, 2♂; Шыған кордоны, 17.07.2023, 3♀, 1♂. Орман түрі. Ағаш түрі (әртүрлі жапырақты ағаштарда, сирек қылқан жапырақты ағаштарда кездеседі: *Acer, Betula, Alnus, Quercus, Populus, Salix, Ulmus*); қалыпты ылғалды жерлерде; жыртқыш (ол өсімдік биттері, жапырақ бүргелері, көбелек жұлдызқұрттарымен қоректенеді); жылына бір рет ұрпақ береді; ересек даралары қыстайды. Якутияда талда тіршілік етеді [10]. Голарктикалық түр.

*Anthocoris flavipes* Reuter, 1884. Жетісу Алатауы, Қояндытау тауы, Ұзынбұлақ шатқалы, 29.07.2023, 1♀, 2♂; Іле Алатауы, Медеу шатқалы, 12.07.2023, 2♀, 2♂. Дендро-хортобионт (ағаштар мен ірі шөптесін өсімдіктерде), қалыпты ылғалды жерлерде (тауларда 1800-3000 м биіктікте) [9]; жыртқыш; жылына бір рет ұрпақ береді; ересек даралары қыстайды. Ортатетійлік-тибет тау түрі.

*Anthocoris limbatus* Fieber, 1836. Алматы облысы, Балқаш ауданы, Миялы ауылы маңы, Іле өзені аңғары. 2♀, 1♂; Қарасай ауданы, Алатау ауылы маңы, 16.07.2023, 2♀, 2♂; «Алтынмел» МҮТП, Шыған кордоны, 17.07.2023, 1♀, 1♂. Ағаш түрі (орманды далада, далада, көктерек-қайың төгайларында, өзендердің жайылмаларында, сондай-ақ аралас ормандарда, талдарда); қалыпты ылғалды жерлерде; жыртқыш (ұсақ жәндіктермен, олардың дернәсілдерімен және жұмыртқаларымен қоректенеді); жылына бір рет ұрпақ береді; ересек даралары қыстайды [9]. Трансеуразиялық түр.

*Anthocoris nemorum* (Linnaeus, 1761). Алматы облысы, Қарасай ауданы, Жандосов елді мекені маңы, 15.07.2023, 1♀, 2♂; «Алтынмел» МҮТП, Мыңбұлақ кордоны, 10.07.2023, 4♀, 3♂; Жантогай кордоны, Іле өзені аңғары, 11.07.2023, 2♀, 2♂. Дендро-хортобионт (әртүрлі ағаштар мен шөптесінді өсімдіктерде), қалыпты ылғалды жерлерде (таулы ормандар, алъялік және субальпілік белдеулерде, 1000-3000 м дейін, бақтарда кездеседі, алма ағашының зиянкестерінің санын реттеуде үлкен рөл атқарды (Пучков, 1961); жыртқыш (өсімдік биттері, кенелер, сымырлар, трипстер, тұн көбелектерінің жұмыртқалары және жұлдызқұрттарымен қоректенеді; жылына 2-3 рет ұрпақ береді; ересек даралары қыстайды [9]. Транспалеартикалық түр.

### Жай көзшесіздер тұқымдасы – Miridae

*Deraeocoris olivaceus* (Fabricius, 1777). Жетісу Алатауы, Қояндытау тауы, Қайыңды шатқалы, 28.07.2023, 1♀, 2♂. Ағаш түрі (әртүрлі жалпақ жапырақты ағаштар мен бұталарда); қалыпты ылғалды жерлерде; аралас қоректі; жылына бір рет ұрпақ береді; жұмыртқалары қыстайды. Трансеуразиялық түр.

*Deraeocoris pilipes* (Reuter, 1879). Алматы облысы, Балқаш ауданы, Миялы ауылы маңы, Іле өзені аңғары. 05.07.2023. 1♀, 1♂; Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Масақ ауылы, Шелек өзені аңғары, 16.07.2023, 2♀, 2♂. Ағаш түрі (жапырақты ағаштарда: терек, тал және т.б.); қалыпты ылғалды жерлерде; аралас қоректі; жылына бір рет ұрпақ береді; ересек даралары қыстайды. Иран-тұран түрі.

*Deraeocoris lutescens* (Schilling, 1830). Іле Алатауы етегі, Алатау ауылы маңы, 23.07.2023, 2♀, 2♂; Үлкен Алматы өзені аңғары, 23.07.2023, 1♀, 2♂. Ағаш түрі (әртүрлі жапырақты және жеміс ағаштарында, бұталарда, шөптесін өсімдіктерде сирек кездеседі); қалыпты ылғалды

жерлерде (әртүрлі мезофитті биотоптарда, тауда орман белдеуінде); жыртқыш (өсімдік биттері және басқа да ұсақ жәндіктермен қоректенеді); жылына екі рет ұрпақ береді; ересек даралары қыстайды (өсімдік қалдықтары астында). Молдавияда ол емен ағаштарында жиі кездеседі және онда жаппай көбейеді [11]. Транспалеартикалық түр.

*Deraeocoris ruber* (Linnaeus, 1758). Оңтүстік-Шығыс Қазақстан, Іле Алатауы, Ақсай шатқалы. 01.07.2023. 1♀, 2♂. Дендро-тамно-хортобионт (ағаштарда, негізінен шөптесін өсімдіктерде); қалыпты ылғалды жерлерде (көбінесе орманның шеттерінде және шабындықтарында, жайылмалы шалғындарда); аралас қоректі; жылына бір рет ұрпақ береді; жұмыртқалары қыстайды. Неотропикалық-голарктикалық түр.

*Agonocoris rubicundus* (Fallen, 1807). Алматы облысы, Балқаш ауданы, Миялы ауылы маңы, Іле өзені аңғары, талда, 15.07.2023, 2♀, 1♂. Ағаш түрі (жапырақты, жеміс ағаштары мен бұталарында, көбінесе талда); қалыпты ылғалды жерлерде (аралас орман, жайылмаларда, 800-2300 м тауларда); көпсімдіккоректі (*Salix* талының тұқымымен қоректенеді, үйенкі және т.б.); жылына бір рет ұрпақ береді; ересек даралары қыстайды. Бұл жеміс дақылдары зиянкестерінің қатарына жатады [12, 13], бірақ бұл шындыққа сәйкес келмейді. Голарктикалық түр.

*Apolygus limbatus* (Fallen, 1807). Алматы қаласы, Бас ботаника бағы, 21.07.2023, 2♀, 3♂; Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас елді мекені маңы, Іле өзені аңғары, 15.07.2023, 3♀, 4♂. Ағаш түрі; қалыпты ылғалды жерлерде (орман аймағы); көпсімдіккоректі (негізінен талдарда, сондай-ақ қайың мен қандығашта); жылына екі рет ұрпақ береді; жұмыртқалары қыстайды. Трансеуразиялық түр.

*Lygidea illota* (Stal, 1858). Алматы қаласы, Бас ботаника бағы, 21.07.2023, 1♀, 2♂; Алматы облысы, Балқаш ауданы, Миялы ауылы маңы, Іле өзені аңғары, талда, 15.07.2023, 3♀, 2♂. Ағаш түрі (талдарда); қалыпты ылғалды жерлерде (жайылмалы төгайларда); көпсімдіккоректі; жылына бір рет ұрпақ береді [14]; ересек даралары қыстайды. Шығыспалеартикалық түр.

*Lygocoris contaminatus* (Fallen, 1807). Алматы қаласы, Бас ботаника бағы, 21.07.2023, 3♀, 2♂; Шарын МҮТП, Шарын өзені аңғары, 08.07.2023, 2♀, 2♂. Ағаш түрі; қалыпты ылғалды жерлерде (аралас ормандарда); көпсімдіккоректі (*Salix*, *Betula* және т.б.); жылына екі рет ұрпақ береді; жұмыртқалары қыстайды [15]. Голарктикалық түр.

### Қабық асты қандалалар тұқымдасы – Aradidae

*Aradus betulae* (Linnaeus, 1758). Алматы қаласы, Бас ботаника бағы, 23.07.2023, 4♀, 3♂. Ағаш түрі (на больных и погибших березах и на других лиственных деревьях, пораженных трутовиками из группы Polyporaceae [16]; мицетофаг; қалыпты ылғалды жерлерде; ациклі; барлық даму сатысындағы дернәсілдері мен ересектері қытайды. Транспалеарктикалық түр.

*Aradus cinnamomeus* Panzer, 1794. Алматы қаласы, Бас ботаника бағы, 22.07.2023, 2♀, 3♂. Ағаш түрі (жас қарағайларда); қалыпты ылғалды жерлерде; саңырауқұлаккоректі; саңырауқұлак шырынымен коректенеді; ациклі; барлық даму сатысындағы дернәсілдері мен ересектері қытайды [17]. Батысеуразиялық түр.

**Жер қандалалары тұқымдасы – Lygaeidae**  
*Arocatus roeselii* (Schilling, 1829). Оңтүстік-Шығыс Қазақстан, Іле Алатауы, Ақсай шатқалы. 01.07.2023. 4♀, 3♂. Ағаш түрі (қылқан жапырақты ағаштардың қабығының астында, қандығаш *Alnus* жемістерінде) [18]; қалыпты ылғалды жерлерде; көпөсімдіккоректі; жылына бір рет ұрпақ береді; ересек даралары қытайды. Батыспалеарктикалық түр.

*Arocatus melanocephalus* (Fabricius, 1798) – қарағаш қандаласы. Оңтүстік-Шығыс Қазақстан, Іле Алатауы, Ақсай шатқалы. 01.07.2023. 12♀, 20♂; Алматы қаласы, Зоология институты маңы, 03.07.2023. 23♀, 21♂; Бас ботаника бағы, 23.07.2023, 14♀, 13♂; Іле Алатауы, Бутаковка шатқалы, 30.07.2023, 12♀, 10♂. Ағаш түрі (ол ағаштардың қабығының астында (әсіреле емендердін), ағаш сүргегі саңылауларында, әртүрлі ағаштардың жапырақтарында (негізінен қарағашта) кездеседі [18]; қалыпты ылғалды жерлерде; көпөсімдіккоректі; жылына бір рет ұрпақ береді; ересек даралары қытайды. Трансеуразиялық түр.

*Orsillus maculatus* Fieber, 1861. Іле Алатауы, Үлкен Алматы шатқалы, 18.07.2023, 2♀, 3♂; Іле Алатауы, Бутаковка шатқалы, 30.07.2023, 2♀, 2♂. Ағаш түрі (қарағай, сауырағаш және арша бүршіктерінде); мезоксерофил; кең өсімдіккоректі; жылына бір рет ұрпақ береді; жұмыртқалары қытайды. Кипре *Cupressus sempervirens* бүршіктерінде кездескен [18]. Батысеуразиялық түр.

*Kleidocerys resedae resedae* (Panzer, 1797). Алматы облысы, Еңбекшіказақ ауданы, Шелек елді мекені, 19.07.2023, 1♀, 2♂; Алматы қаласы, Бас ботаника бағы, 23.07.2023, 2♀, 3♂. Дендро-

тамнобионттар (қайың мен қандығаш бар барлық жерде кездеседі); қалыпты ылғалды жерлерде (орманды дала, тауларда 2000 м биіктікке дейін көтеріледі); көпөсімдіккоректі (*Betula, Fraxinus, Alnus, Ledum, Spiraea, Corylus*); жылына бір рет ұрпақ береді; V даму сатысындағы дернәсілдері мен ересек даралары қытайды. Қайың тұқымының өнімін жояды. Зақымдалған жапырақтар шеттерін астыңғы жағына бүгеді [19]. Трансеуразиялық түр.

### Ағаш қалқаншалылар тұқымдасы – Acanthosomatidae

*Acanthosoma spinicolle* Jakovlev, 1880. Алматы қаласы, Бас ботаника бағы, 23.07.2023, 2♀, 2♂; 29.07.2023, 3♀, 2♂. Ағаш түрі (жапырақты және қылқанжапырақты ағаштарда); қалыпты ылғалды жерлерде (аралас ормандарда, тауда 900-1000 м биіктікке дейін); көпөсімдіккоректі; жылына бір рет ұрпақ береді; ересек даралары қытайды [20, 21]. Шығыспалеарктикалық түр.

*Acanthosoma haemorrhoidale haemorrhoidale* (Linnaeus, 1758). Алматы қаласы, Зоология институты маңы, 10.07.2023, 2♀, 1♂. Ағаш-бұта түрлері (жапырақты ағаштарда: *Betula, Guercus, Crataegus, Corylus, Tilia, Carpinus, Prunus, Sorbus* және т.б.); қалыпты ылғалды жерлерде; көпөсімдіккоректі; жылына бір рет ұрпақ береді; ересек даралары қытайды [21, 22]. Транспалеарктикалық түр.

*Elasmotethus interstinctus* (Linnaeus, 1758). Іле Алатауы, Бутаковка шатқалы, 30.07.2023, 2♀, 2♂; Медеу шатқалы, 10.07.2023, 1♀, 3♂. Ағаш-бұта түрлері (қайың, тал, қандығашта, сирек көктепек, үшқатта); қалыпты ылғалды жерлерде (ормандарда); көпөсімдіккоректі; жылына бір рет ұрпақ береді; ересек даралары қытайды [22, 23]. Голарктикалық түр.

### Нағыз қалқаншалылар тұқымдасы – Pentatomidae

*Arma custos* (Fabricius, 1794). Оңтүстік-Шығыс Қазақстан, Іле Алатауы, Ақсай шатқалы. 01.07.2023. 1♀ 2♂. Дендро-hortobiонт (жеке ағаштар мен бұталарда, құрғақ белестер мен тау беткейлерінде, саябақтарда, көлеңкелі ылғалды және батпақты орман алқаптарында, жайылмалы ормандарда, әсіреле *Salix* талда және *Alnus* қандығашта); қалыпты ылғалды жерлерде (аралас қалыпты ылғалды жерлерде ді ормандарда, тауларда 900-1300 м биіктікке дейін); жыртқыш (әртүрлі ұсақ буынақтылармен, көбінесе жапырақжегіш қоңыздардың дернәсілдерімен коректенеді, жемтіктерін белсенді түрде

іздейді); жылына бір рет ұрпақ береді; ересек даралары қытайды [22, 23]. Трансеуразиялық түр.

*Palomena prasina* (Linnaeus, 1761) – жасыл паломена. Алматы облысы, Қарасай ауданы, Жандосов елді мекені маңы, 15.07.2023, 2♀, 2♂; Іле Алатауы, Бутаковка шатқалы, 30.07.2023, 2♀, 1♂; Іле Алатауы, Ақсай шатқалы. 01.07.2023. 3♀, 2♂. Ағаш-бұта түрлері(ағаштарда, ересек даралары қыстаудан шыққаннан кейін ашық жерлерге, соның ішінде мәдени алқаптарға ұшады, кейінрек олар ормандарға оралады, бірақ негізінен орман шеттерінде болады; дернәсілдері шөптесін өсімдіктер мен бұталарда дамиды); қалыпты ылғалды жерлерде (алма және аралас ормандарда); көпөсімдіккоректі (көбінесе бұталар мен ағаштарда: *Ribes*, *Rubus*, *Rosa*, *Quercus*, *Crataegus*, *Prunus*, *Sorbus*, *Acer*, *Fraxinus*, *Tilia*, *Betula*, *Alnus* және т.б.); жылына бір рет ұрпақ береді; ересек даралары қытайды. Тамыздың

басында жаңа ұрпақтары шығады [24]. Батыспалеартикалық түр.

*Palomena viridissima* (Poda, 1761) – ашық жасыл паломена. Алматы облысы, Қарасай ауданы, Жандосов елді мекені маңы, 15.07.2023, 3♀, 2♂; Іле Алатауы, Ақсай шатқалы. 01.07.2023. 4♀, 3♂. Ағаш-бұта түрлері(Раушангүлділер тұқымдасы ағаштары мен бұталарында); қалыпты ылғалды жерлерде; көпесімдіккоректі (көбінесе жапырақты ағаштарда [22]; жылына бір рет ұрпақ береді; ересек даралары қытайды. Транспалеартикалық түр.


Төменде зерттеу нәтижесінде табылған Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның ағаш жартылай қаттықанаттылары жайлы мәліметтер беріліп отыр (кесте 1).

Зерттеу нәтижесінде ағаш Жартылай қаттықанаттыларының 8 тұқымдасына жататын 37 түрі анықталды (сурет 1).

1-кесте – Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның ағаш жартылай қаттықанаттылары (Hemiptera, Heteroptera) түр құрамы

Тұқымдас	Түр	Саны	%
Шілтерлілер	<i>Monosteira discoidalis</i> (Jakovlev, 1883) <i>Monosteira inermis</i> Horvath, 1899 <i>Monosteira unicostata</i> (Mulsant & Rey, 1852) <i>Physatocheila distinguenda</i> Jakovlev, 1880 <i>Physatocheila putshkovi</i> Golub, 1976 <i>Physatocheila smreczynskii</i> China, 1952 <i>Stephanitis pyri</i> (Fabricius, 1775)	7	19
Аңшы қандалалар	<i>Himacerus apterus</i> (Fabricius, 1798) <i>Himacerus mirmicoides</i> (O. Costa, 1834) <i>Nabis pallidus</i> Fieber, 1861 <i>Nabis viridulus</i> Spinola, 1837	4	11
Ұсақ жыртқыштар	<i>Acompocoris alpinus</i> Reuter, 1875 <i>Anthocoris angularis</i> Reuter, 1884 <i>Anthocoris confusus</i> Reuter, 1884 <i>Anthocoris flavipes</i> Reuter, 1884 <i>Anthocoris limbatus</i> Fieber, 1836 <i>Anthocoris nemorum</i> (Linnaeus, 1761)	6	16
Жай көзшесіздер	<i>Deraeocoris olivaceus</i> (Fabricius, 1777) <i>Deraeocoris pilipes</i> (Reuter, 1879) <i>Deraeocoris lutescens</i> (Schilling, 1830) <i>Deraeocoris ruber</i> (Linnaeus, 1758) <i>Agnocoris rubicundus</i> (Fallen, 1807) <i>Apolygus limbatus</i> (Fallen, 1807) <i>Lygidea illota</i> (Stal, 1858) <i>Lygocoris contaminatus</i> (Fallen, 1807)	8	22
Қабықасты қандалалары	<i>Aradus betulae</i> (Linnaeus, 1758) <i>Aradus cinnamomeus</i> Panzer, 1794	2	5
Жер қандалалары	<i>Arocatus roeselii</i> (Schilling, 1829) <i>Arocatus melanocephalus</i> (Fabricius, 1798) <i>Orsillus maculatus</i> Fieber, 1861 <i>Kleidocerys resedae</i> (Panzer, 1797)	4	11

Тұқымдас	Түр	Саны	%
Ағаш қалқаншалылары	<i>Acanthosoma spinicolle</i> Jakovlev, 1880 <i>Acanthosoma haemorrhoidale haemorrhoidale</i> (Linnaeus, 1758) <i>Elasmotethus interstinctus</i> (Linnaeus, 1758)	3	8
Нағыз қалқаншалылар	<i>Arma custos</i> (Fabricius, 1794) <i>Palomena prasina</i> (Linnaeus, 1761) <i>Palomena viridissima</i> (Poda, 1761)	3	8
8		37	100



1-сурет – Тұрлерді тұқымдастарға бөлу

Суретте көрсетілгендей түр құрамы жағынан басым тұқымдастар: Жай көзшесіздер (8 түр, 22%), Шілтерлілер (7 түр, 19%), Ұсақ жыртқыштар (6 түр, 16%), Аңшы қандалалар, Жер қандалалары (4 түрден, 11%), қалған тұқымдастардан тек 2-3 түрден ғана белгілі болды.

Ағаш жартылай қаттықанаттылар қоректік байланысы жағынан жыртқыш тар (11 түр), аралас қоректілер (4 түр), өсімдіккоректілер (20 түр) және санырауқұлаккоректілер (2 түр) болып белінеді.

Өсімдіккоректілер (20 түр): Кең өсімдіккоректілер (5 түр): *Monosteira discoidalis*, *M. inermis*, *M. unicostata*, *Physatocheila smreczynskii*, *Orsillus maculatus*. Тар өсімдіккоректілер (2 түр): *Physatocheila distinguenda*, *P. putshkovi*. Көпөсімдіккоректілер (13 түр): *Stephanitis pyri*, *Agnocoris rubicundus*, *Apolygus limbatus*, *Lygidea illota*, *Lygocoris contaminatus*, *Arocatus roeselii*, *A. melanocephalus*, *Kleidocerys resedae resedae*, *Acanthosoma spinicolle*, *A. h. haemorrhoidale*,

*Elasmotethus interstinctus*, *Palomena prasina*, *P. viridissima*.

Жыртқыштар (11): *Himacerus apterus*, *H. mirmicoides*, *Nabis pallidus*, *N. viridulus*, *Acomporocoris alpinus*, *Anthocoris angularis*, *A. confusus*, *A. flavipes*, *A. limbatus*, *A. nemorum*, *Arma custos*.

Аралас қоректілер (4): *Deraeocoris olivaceus*, *D. pilipes*, *D. lutescens*, *D. ruber*.

Санырауқұлаккоректілер (2 түр): *Aradus betulae*, *A. cinnamomeus*.

Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның ағаш жартылай қаттықанаттылары жылына беретін үрпақ санына қарай 4 тоңқа белінеді: жылына 1 рет үрпақ береді (25 түр), жылына 2 рет үрпақ береді (7 түр), жылына 3 реттен артық үрпақ береді (3 түр), бір кезеңде бар даму сатысы бар (2 түр).

Жылына 1 рет үрпақ беретін тұрлер (25 түр): *Physatocheila distinguenda*, *P. putshkovi*, *Himacerus apterus*, *H. mirmicoides*, *Nabis viridulus*,

*Acompororis alpinus, Anthocoris angularis, A.confusus, A. flavipes, A. limbatus, Deraeocoris olivaceus, D. pilipes, D. ruber, Agnocrin rubicundus, Lygidea illota, Arocatus roeselii, A.melanocephalus, Kleidocerys resedae resedae, Orsillus maculatus, Acanthosoma spinicolle, A. h. haemorrhoidale, Elasmotethus interstinctus, Arma custos, Palomena prasina, P.viridissima.*

Жылдана 2 рет ұрпақ беретін түрлер (7 түр): *Monosteira discoidalis, M. inermis, M. unicostata, Nabis pallidus, Deraeocoris lutescens, Apolygus limbatus, Lygocoris contaminatus.*

Жылдана 3 реттен артық ұрпақ беретін түрлер (3 түр): *Physatocheila smreczynskii, Stephanitis pyri, Anthocoris nemorum.*

Бір кезеңде бар даму сатысы бар (2 түр): *Aradus betulae, A. cinnamomeus.*


Зерттеу аймағындағы түрлер экологиялық жағынан 36 түр қалыпты ылғалды жерлерде, тек *Orsillus maculatus* ылғалдықуан жерлерде.

Жартылай қаттықанаттылар шала түрленіп дамитын жәндіктерге жатады және дамудың келесі кезеңдерінен өтеді – жұмыртқа, дернәсіл

және ересек дарасы. Олар дамудың әртүрлі кеңеңдерінде қытайды. Көптеген түрлерде қыстау кезеңі ересек дарасы сатысында (28 түр), жұмыртқа сатысында (6 түр), ересек дарасы және дернәсіл сатысында (3 түр) болады.

Жартылай қаттықанаттылардың зоогеографиялық таралуына климаттық жағдайлардың дифференциациясы айтарлықтай әсер етеді. Жәндіктердің жер бетінде таралуына ең үлкен әсер ететін екі климаттық құрам бөлігі бар: температура мен ылғалдылық. Жартылай қаттықанаттылардың географиялық таралуы, басқа жәндіктер сияқты, негізінен құрлықтағы басқа организмдерге белгілі заңдылықтарға бағынады. Қазақстан Жартылай қаттықанаттыларының зоогеографиялық таралуын талдау үшін біз А.Ф. Емельянов ұсынған биогеографиялық аудандастыру сызбасын қабылдадық [35].

Төменде Оңтүстік-Шығыс Қазақстандағы ағаш жартылай қаттықанаттыларының зоогеографиялық таралуы жайлы мәліметтер берілп отыр (сурет 2).



2-сурет – Түрлерді зоогеографиялық таралу аймақтарына бөлу

Неотропикалық-голаркткалық таралу аймағынан (1 түр): *Deraeocoris ruber.*

Палеарктика мен Неарктиканы қамтинын голаркткалық таралу аймағынан (5 түр): *Himacerus apterus, Anthocoris confusus, Agnocrin rubicundus, Lygocoris contaminatus, Elasmotethus interstinctus.*

Транспалеарктикалық таралу аймағынан (6 түр): *Physatocheila smreczynskii, Anthocoris nemorum, Deraeocoris lutescens, Aradus betulae, Acanthosoma haemorrhoidale haemorrhoidale, Palomena viridissima.*

Транспалеарктикалық-эфиоптық таралу аймағынан (1 түр): *Nabis viridulus.*

Батыспалеарктикалық таралу аймағынан (5 түр): *Monosteira unicostata, Stephanitis pyri, Himacerus mirmicoides, Arocatus roeselii, Palomena prasina.*

Шығыспалеарктикалық таралу аймағынан (3 түр): *Physatocheila putshkovi, Lygidea illota, Acanthosoma spinicolle.*

Трансөуразиялық таралу аймағынан (8 түр): *Physatocheila distinguenda, Acompororis alpinus, Anthocoris limbatus, Deraeocoris olivaceus,*

*Apolygus limbatus*, *Arocatus melanocephalus*,  
*Kleidocerys resedae resedae*, *Arma custos*.

Батысөуразиялық таралу аймағынан (2 түр):  
*Aradus cinnamomeus*, *Orsillus maculatus*.

Ортатетийлік таралу аймағынан (1 түр):  
*Monosteira discoidalis*.

Ортатетийлік-тибет таралу аймағынан (1 түр):  
*Anthocoris flavipes*.

Тұран таралу аймағынан (1 түр): *Monosteira inermis*.

Тұран-гобий таралу аймағынан (2 түр): *Nabis pallidus*, *Anthocoris angularis*.

Иран-тұран таралу аймағынан (1 түр):  
*Deraeocoris pilipes*.

## Қорытынды

Жартылай қаттықанаттылар тіршілік ету ортасына қарай ағаш түрі, ағаш-бұта, ағаш-бұта-шөптесін өсімдік, ағаш- шөптесін өсімдік түрлері болып бөлінеді. Ағаш түрлері (24 түр): *Monosteira discoidalis* *Monosteira inermis*, *Monosteira unicostata*, *Physatocheila putshkovi*, *Physatocheila smreczynskii*, *Nabis pallidus*, *Nabis viridulus*, *Acompocoris alpinus*, *Anthocoris angularis*, *Anthocoris confusus*, *Anthocoris limbatus*, *Deraeocoris olivaceus*, *Deraeocoris pilipes*, *Deraeocoris lutescens*, *Agnocoris rubicundus*, *Apolygus limbatus*,

*Lygidea illota*, *Lygocoris contaminatus*, *Aradus betulae*, *Aradus cinnamomeus*, *Arocatus roeselii*, *Arocatus melanocephalus*, *Orsillus maculatus*, *Acanthosoma spinicolle*. Ағаш-бұта түрлері (8 түр): *Physatocheila distinguenda*, *Stephanitis pyri*, *Himacerus apterus*, *Kleidocerys resedae resedae*, *Acanthosoma haemorrhoidale haemorrhoidale*, *Elasmotethus interstinctus*, *Palomena prasina*, *Palomena viridissima*. Ағаш-бұта-шөптесін өсімдік түрлері (2 түр): *Himacerus mirmicoides*, *Deraeocoris ruber*. Ағаш- шөптесін өсімдік түрлері (3 түр): *Anthocoris flavipes*, *Anthocoris nemorum*, *Arma custos*. Оңтүстік-шығыс Қазақстанда мекен етегін ағаш жартылай қаттықанаттылардың таксономиялық құрамы мен биологиясы туралы мәліметтер сол аймақтың экологиялық тұрақтылығын бағалауға мүмкіндік береді.

## Мұдделер қақтығысы

Барлық авторлар мақаланың мазмұнын оқып танысқан және мұдделер қақтығысы жок.

Жұмыстың қаржылық қолдау көзі TTH BR18574058 «Қазақстан жануарларының Қызыл кітабын және сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар бойынша электрондық деректер базасын өзірлеу» тақырыбы бойынша мақсатты қаржыландыру бағдарламасы.

## Әдебиеттер

1. Marie-Claude La Riviere and Andre La Rochelle. 2022. A brief overview of the subfamily Carventinae in New Zealand (Heteroptera: Aradidae). Journal of World Insect Taxonomy Insecta Mundi 0961:1-56.
2. Schuh, R.T.; Weirauch, C. 2020. True Bugs of the World (Hemiptera: Heteroptera). Classification and Natural History, 2nd ed.; Siri Scientific Press: Manchester, UK; pp. 1–768.
3. Heiss, E.; Golub, V.B. 2021. A new genus and species of Tingidae from Cretaceous Burmese amber (Hemiptera, Heteroptera). Palaeoentomology, 4, 137–140.
4. Heiss, E.; Guilbert, E. 2021. A new species of Burmacader Heiss & Guilbert, 2013 from Cretaceous Burmese amber (Hemiptera, Heteroptera, Tingidae). Palaeoentomology, 4, 30–33.
5. Popov, Y.A.; Golub, V.B. 2019. A new tribe, genus and four species of lace bugs (Hemiptera: Heteroptera: Tingidae) from the Upper Cretaceous of Southwestern Kazakhstan. Paleontol. J., 53, 155–164.
6. Golub, V.B., Sergeeva, E.V. 2020. First record of *Agramma atricapillum* (Heteroptera: Tingidae) from the Asian part of Russia. Zoosystematica Rossica, vol. 29, no. 1, pp. 75–76. <https://doi.org/10.15837/zsr.2020.29.1.202001010001>
7. , Eduardo, Patrick. 2022. Thermal Biology of *Liorhyssus hyalinus* (Hemiptera: Rhopalidae) and *Nysius simulans* (Hemiptera: Lygaeidae), Fed on the Milky Stage of Maize Grains. Journal of Insect Science. Volume 22(4): 1; 1-10. <https://doi.org/10.1007/s10915-022-02020-w>
8. Liljeström G.G. and Rabinovich J.E. 2023. Biological control of the stink bug *Nezara viridula* (Heteroptera: Pentatomidae) by two parasitoids and their interaction in non-crop habitats: a simulation model. Bulletin, Volume 113, Issue, June, pp. 315 – 325. DOI: <https://doi.org/10.1007/s13215-023-02020-w>
9. Rudoi V.V., Vinokurov N.N., Korshunov A.V. et al. 2022. New records of native and alien true bugs (Heteroptera) from Kemerovo Region, Western Siberia, Russia. Acta Biologica Sibirica, vol. 8, pp. 483–506. <https://doi.org/10.15837/ab.2022.8.1.202201010001>
10. Butler E.A. 1923. A Biology of the British Hemiptera-Heteroptera: i-vii, 1-682. Witherby, London.
11. Кириченко А.Н. Методы сбора настоящих полужесткокрылых и изучения местных фаун. Изд-во АН СССР. – М.-Л., 1957. – 124 с.
12. Палий В.Ф. Методика изучения фауны и фенологии насекомых. – Воронеж, 1970. – 192 с.
13. Фасулати К.К. Полевое изучение наземных беспозвоночных. – М. 1971. – 424 с.

14. Асанова Р.Б. Полужестокрылые (Heteroptera) Юго-Восточного Казахстана // В сб.: «Фауна и биология насекомых Казахстана». – Алма-Ата: Изд-во «Наука» КазССР, 1971. – С. 121-135.
15. Пучков В.Г. Беритиди, червоноклопи, піезматиди, підкорники і тингіди. Фауна України. – Т.21. – Вип. 4. – Київ, 1974. – 332 с.
16. Кержнер И.М. Полужестокрылые семейства Nabidae. Насекомые хоботные. Фауна СССР. – Т. 13. – Вып. 2. – Л. Наука., 1981. – 327 с.
17. Soutwood T.R., Leston L. Land and water bugs of the British Isles. – London. 1959. – 436 р.
18. Koschel H. Zur Kenntnis der Raubwanze *Himacerus apterus* F. (Heteroptera, Nabidae). Teil. I, II. // Z. angew. Entomol. – 1971. – Bd. 68. – Н. 1. – S. 1-24; Н. 2. – S.113-137.
19. Элов Э.С. Полужестокрылые сем. Anthocoridae (Heteroptera) Средней Азии и Казахстана. Энтомол. обозр. – 1976. – Т. 55. – Вып. 2. – С. 369-380.
20. Винокуров Н.Н. Насекомые полужестокрылые (Heteroptera) Якутии. – Л.: Наука, 1979. – 232 с.
21. Талицкий В.И., Пучков В.Г. Обзор фауны полужестокрылых (Hemiptera, Geocorinae) Молдавской ССР. Труды Молдавского НИИ садоводства, виноградарства и виноделия. – 1966. – Т. 13. – С. 271-316.
22. Гросгейм Н.А., Пятакова В.Л. Предварительный список насекомых, вредящих плодовым культурам в районе Млеевской опытной станции (за 1923-1927 гг.). Тр. Млеевской садово-огородной опыт. станции. – 1928. – № 5. – С. 3-30.
23. Васильев В.П. Вредители садовых насаждений. Киев: Изд.АН УССР, 1955. – 267 с.
24. Кулик С.А. Редкие и малоизвестные виды клопов-слепняков в Восточной Сибири и на Дальнем Востоке СССР // Фауна и экология насекомых Восточной Сибири и Дальнего Востока. – Иркутск, 1977. – С. 27-37.
25. Пучков В.Г. К экологии малоизвестных видов полужестокрылых (Heteroptera) европейской части СССР. Сообщение III. Вестник зоологии. 1967. – № 5. – С. 66-69.
26. Канюкова Е.В. Полужестокрылые рода *Aradus* группы *betulae* (Heteroptera, Aradidae) фауны СССР. Вестник зоологии. – 1984. – № 4. – С. 9-14.
27. Heiss E. Nomenklatorische Änderungen und Differenzierung von *Aradus crenatus* Say, 1831, und *Aradus cinnamomeus* Panzer, 1806, aus Europa und USA. (Insecta: Heteroptera, Aradidae). Berichte des Naturwissenschaftlich-Medizinischen Vereins in Innsbruck. – 1980. – Bd. 67. – S. 103-116.
28. Пучков В.Г. Лігєїди. Фауна України. – Т. 21. – Вып. 3. – Київ: Вид. АН УРСР, 1969. – 388 с.
29. Асанова Р.Б., Исаков Б.В. Вредные и полезные полужестокрылые (Heteroptera) Казахстана. Определитель. – Алма-Ата: Изд-во «Кайнар», 1977. – 204 с.
30. Пучков В.Г. Щитники Средней Азии (Hemiptera, Pentatomidea). – Фрунзе: Илим, 1965. – 329 с.
31. Кержнер И.М. Новые и малоизвестные полужестокрылые (Heteroptera) из Казахстана и других районов СССР. Труды Зоол. института АН СССР. (Новые виды насекомых фауны Казахстана). – 1964. – Т. 34. – С. 113-130.
32. Пучков В.Г. Щитники. Фауна України. – Т. 21. – Вип. 1. – Київ: Вид. АН УРСР, 1961. – 339 с.
33. Кириченко А.Н. Полужестокрылые (Hemiptera-Heteroptera) Кавказского края // Записки Кавказ. Музея: 1918. – Серия А.- № 6. – Часть I. – 177 с.
34. Йосифов М. Heteroptera, Pentatomoidea II. Fauna на България. – Т. 12. – София, 1981. – 205 с.
35. Емельянов А.Ф. Предложения по классификации и номенклатуре ареалов // Энтомол. обозр. – Л., 1974. – Т. 53. – Вып. 3. – С. 497-522.

## References

1. Marie-Claude La Riviere and Andre La Rochelle. (2022) A brief overview of the subfamily Carventinae in New Zealand (Heteroptera: Aradidae). Journal of World Insect Taxonomy Insecta Mundi 0961:1-56.
2. Schuh, R.T.; Weirauch, C. (2020) True Bugs of the World (Hemiptera: Heteroptera). Classification and Natural History, 2nd ed.; Siri Scientific Press: Manchester, UK; pp. 1–768.
3. Heiss, E.; Golub, V.B. (2021) A new genus and species of Tingidae from Cretaceous Burmese amber (Hemiptera, Heteroptera). Palaeoentomology, 4, 137–140.
4. Heiss, E.; Guilbert, E. (2021) A new species of Burmacader Heiss & Guilbert, 2013 from Cretaceous Burmese amber (Hemiptera, Heteroptera, Tingidae). Palaeoentomology, 4, 30–33.
5. Popov, Y.A.; Golub, V.B. (2019) A new tribe, genus and four species of lace bugs (Hemiptera: Heteroptera: Tingidae) from the Upper Cretaceous of Southwestern Kazakhstan. Paleontol. J., 53, 155–164.
6. Golub, V.B., Sergeeva, E.V. (2020) First record of *Agramma atricapillum* (Heteroptera: Tingidae) from the Asian part of Russia. Zoosystematica Rossica, vol. 29, no. 1, pp. 75–76. https://doi.org/10.1023/jzses/00000000000000000000000000000000
7. Luis Cruces, Eduardo de la Peña, Patrick De Clercq. (2022) Thermal Biology of *Liorhyssus hyalinus* (Hemiptera: Rhopalidae) and *Mysius simulans* (Hemiptera: Lygaeidae), Fed on the Milky Stage of Maize Grains. Journal of Insect Science. Volume 22(4): 1; 1-10. https://doi.org/10.1093/jisesa/ieac034
8. Liljesthöm G.G. and Rabinovich J.E. (2023) Biological control of the stink bug *Nezara viridula* (Heteroptera: Pentatomidae) by two parasitoids and their interaction in non-crop habitats: a simulation model. Bulletin, Volume, Issue 3, June, pp. 315 – 325. DOI: https://doi.org/10.1017/S0007485322000591
9. Rudoi V.V., Vinokurov N.N., Korshunov A.V. et al. (2022) New records of native and alien true bugs (Heteroptera) from Kemerovo Region, Western Siberia, Russia. Acta Biologica Sibirica, vol. 8, pp. 483–506. https://doi.org/10.1580/actabiol.sib.10000000000000000000000000000000
10. Butler E.A. (1923) A Biology of the British Hemiptera-Heteroptera: i-vii, 1-682. Witherby, London.

11. Asanova R.B. (1971) Hemiptera (Heteroptera) of Southeastern Kazakhstan // In the collection: "Fauna and biology of insects of Kazakhstan". – Alma-Ata: Publishing house "Science" of the Kazakh SSR, pp. 121-135.
12. Asanova R.B., Iskakov B.V. (1977) Harmful and useful hemiptera (Heteroptera) Kazakhstan. The determinant. Alma-Ata: Publishing house "Kainar", 204 p.
13. Elov E.S. (1976) Hemiptera sem. Anthocoridae (Heteroptera) Central Asia and Kazakhstan. Entomol. Review. Vol. 55. Issue 2, pp. 369-380.
14. Fasulati K.K. (1971) Field study of terrestrial invertebrates. M. 424 p.
15. Grossheim N.A., Pyatakova V.L. (1928) Preliminary list of insects that harm fruit crops in the area of the Mleevskaya experimental station (for 1923-1927). Tr. Mleevskaya horticultural experience. stations. No. 5, pp. 3-30.
16. Heiss E. (1980) Nomenklatorische Änderungen und Differenzierung von *Aradus crenatus* Say, 1831, und *Aradus cinnamomeus* Panzer, 1806, aus Europa und USA. (Insecta: Heteroptera, Aradidae). Berichte des Naturwissenschaftlich-Medizinischen Vereins in Innsbruck. Bd. 67, pp. 103-116.
17. Kanyukova E.V. (1984) Hemiptera of the genus Aradus of the betulae group (Heteroptera, Carabidae) of the fauna of the USSR. Bulletin of Zoology. No. 4, pp. 9-14.
18. Kerzhner I.M. (1981) Hemiptera of the Nabidae family. Proboscis insects. Fauna of the USSR. Vol. 13. Issue 2. L. Nauka. 327 p.
19. Kerzhner I.M. (1964) New ferdinande and little-known ferdinande half-sister-in-law Urga-in Kazakhstan and other regions of the USSR. Labor. Zool. the Institute of the USSR. (New Ferdinand species. T. 34, pp. 113-130.
20. Kirichenko A.N. (1918) Half-CKR extravehanguage (Extravehanguage) Caucasian end, notes Caucasus. Museum: Serie A. № 6. Part Of The Apostille. 177 p.
21. Kirichenko A.N. (1957) Methods of collecting true hemiptera and studying local faunas. Publishing House of the USSR Academy of Sciences. M.-L. 124 p.
22. Koschel H. (1971) Zur Kenntnis der Raubwanze *Himacerus apterus* F. (Heteroptera, Nabidae). Teil. I, II. // Z. angew. Entomol. Bd. 68. H. 1, pp. 1-24; H. 2, pp. 113-137.
23. Kulik S.A. (1977) Rare and little-known species of bed bugs in Eastern Siberia and the Far East of the USSR // Fauna and ecology of insects of Eastern Siberia and the Far East. Irkutsk, pp. 27-37.
24. Paliy V.F. (1970) Methods of studying the fauna and phenology of insects. Voronezh, 192 p.
25. Puchkov V.G. (1974) Berytidae, Pyrrhocoridae, Piezmatidae, Aradidae and Tingidae. Fauna of Ukraine. Vol.21. Vip. 4. Kiev, 332 p.
26. Puchkov V.G. (1969) Lygaeidae. Fauna of Ukraine. Vol. 21. Issue 3. Kiev: View. Academy of Sciences of the Ukrainian SSR. 388 p.
27. Puchkov V.G. (1967) On the ecology of little-known species of hemiptera (Heteroptera) of the European part of the USSR. Message III. Bulletin of Zoology. No. 5, pp. 66-69.
28. Puchkov V.G. (1965) Pentatomidea of Central Asia (Hemiptera, Pentatomidea). Frunze: Ilim, 329 p.
29. Puchkov V.G. (1961) Pentatomidea. Fauna Of Ukraine. T. 21. Vip. 1. Qi Aposematic: Species. ANNE URS, 339 p.
30. Soutwood T.R., Leston L. (1959) Land and water bugs of the British Isles. London. 436 p.
31. Talitsky V.I., Puchkov V.G. (1966) Overview of the fauna of hemiptera (Hemiptera, Geocorinae) Moldavian SSR. Proceedings of the Moldovan Research Institute of Horticulture, Viticulture and Winemaking. Vol. 13, pp. 271-316.
32. Vasiliev V.P. (1955) Pests of garden plantings. Kiev: Publishing House of the Academy of Sciences of the Ukrainian SSR, 267 p.
33. Vinokurov N.N. (1979) Insects of hemiptera (Heteroptera) Yakutia. L.: Nauka, 232 p.
34. Yosifov M. (1981) Heteroptera, Pentatomidea II. Fauna of Bulgaria. T. 12. Sofia, 205 c.
35. Emelyanov A.F. (1974) Proposals for the classification and nomenclature of areas. Entomological Review. L. Vol. 53. Issue 3, pp. 497-522.

**Авторлар туралы мәлімет:**

Қорғанбек Х.Ф. – докторант, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті (Қостанай, Қазақстан, e-mail: nazar.korganb9912@mail.ru)

Есенбекова П.А. – биология гылымдарының канодидаты, ҚР ФЖОМ «Зоология институты» РМК энтомология зертханасының жетекші гылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан, e-mail: esenbekova\_periz@mail.ru)

**Information about authors:**

Korganbek Kh.G. – Doctoral student, Kostanay Regional University named after A. Baitursynov, (Kostanay, Kazakhstan, e-mail: nazar.korganb9912@mail.ru)

